Исследуемый период отмечается увеличением численности узбеков на 15,7%, уйгур – на 8,1%, а также повышением их доли в составе населения республики на 0,3 и 0,1 пункта. У прочих этносов рост численности составил 1,3%, повышение удельного веса на 0,1 пункта.

Регионами сосредоточения титульного этноса по-прежнему, как и в предыдущие периоды, остаются Южный и Западный Казахстан. Ареалом расселения европейских этносов являются Восточный, Северный и Центральный экономические районы. Узбеки и уйгуры преимущественно проживают в Южном Казахстане.

Анализ динамики численности наиболее крупных этносов республики по регионам Казахстана позволяет сделать следующие выводы. Казахское население увеличивает численность и удельный вес по всем районам республики.

Таблица 1. Численность и этнический состав населения Казахстана
в 1999 – 2006 гг.

Этносы	1999 г. по итогам переписи		2006 г. на начало года	
	тыс. чел.	%	тыс. чел.	%
Все население	14953,1	100	15219,3	100
Казахи	7985,0	53,4	8913,2	58,6
Русские	4479,6	30,0	3979,3	26,1
Украинцы	547,0	3,7	448,8	2,9
Белорусы	111,9	0,7	92,3	0,6
Немцы	353,4	2,4	222,7	1,5
Узбеки	370,7	2,5	428,9	2,8
Уйгуры	210,4	1,4	227,5	1,5
Другие	895,1	5,9	906,6	6,0

Примечание: составлено автором по данным «Национальный состав населения Республики Казахстан» (2000), «Демографический ежегодник регионов Казахстана» (2006)

В графике 1 приводятся данные по двум наиболее многочисленным этносам Казахстана – казахам и русским.




Рисунок 1. Динамика численности казахского и русского этносов в период 1999 – 2006 гг.,
тыс. человек

Примечание: составлено автором на основе («Национальный состав населения Республики Казахстан», 2000; «Демографический ежегодник регионов Казахстана», 2002; «Демографический ежегодник Казахстана», 2005; «Демографический ежегодник Казахстана», 2004; «Демографический ежегодник Казахстана», 2025)

Наибольший рост численности наблюдается в Западном (на 11,2%) и Южном (на 10,5%), наименьший – в Восточном (на 0,7%) экономических районах. Удельный вес титульного этноса в составе населения Южного Казахстана поднялся на 2,5, Западного – на 4,9 пункта. Увеличение доли казахов в составе населения Центрального (на 4,6), Северного (на 4,4) и Восточного (на 3,8 пункта) Казахстана в большей мере был следствием миграционного оттока из вышеназванных регионов республики некоренных этносов.

В исследуемый период отмечается сокращение численности и удельного веса европейских этносов по всем районам Казахстана. В Западном экономическом районе отмечается сокращение их численности на 21,0%, в Северном – на 19,8%, в Южном – на 16,5%, в Восточном – на 15,8%, в Центральном – на 15,1%. В Центральном и Северном

экономических районах численность уйгурского этноса незначительно сократилась (в сумме на 2,0 тысячи), в Восточном регионе осталась неизменной.

Отдельного рассмотрения заслуживают особенности динамики численности некоторых наиболее крупных этносов в городах Астана и Алматы, которые иллюстрирует таблица 2.

Таблица 2. Расселение этносов Казахстана в городах Астана и Алматы в 1999 – 2006 гг.

Города	1999 г. по итогам переписи		2006 г. на начало года	
	тыс. чел.	%	тыс. чел.	%
г. Астана	319,3	100	550,4	100
Казахи	133,6	41,8	323,0	58,7
Русские	129,5	40,6	158,3	28,8
Украинцы	18,1	5,7	19,3	3,5
Белорусы	5,8	1,8	5,6	1,0
Немцы	9,6	3,0	9,3	1,7
Узбеки	-	-	3,7	0,7
Уйгуры	-	-	-	-
Другие	22,7	7,1	31,2	5,6
г. Алматы	1129,4	100	1247,9	100
Казахи	434,4	38,5	579,8	46,5
Русские	510,4	45,2	466,9	37,4
Украинцы	22,8	2,0	18,6	1,5
Белорусы	3,4	0,3	2,9	0,2
Немцы	9,4	0,8	7,0	0,6
Узбеки	4,3	0,4	5,4	0,4
Уйгуры	60,4	5,3	71,4	5,7
Другие	84,3	7,5	95,9	7,7

Примечание: составлено автором по данным «Национальный состав населения Республики Казахстан» (2000), «Kazakhstan during the years of independence» (2021); «Employment in Kazakhstan» (2021); «World Population Ageing» (2021), «Human Development Report» (2021)




Рисунок 2. Динамика численности казахского, русского и украинского этносов в г. Астана в 1999 – 2006 гг., тыс. человек

Примечание: составлено автором на основе («Демографический ежегодник регионов Казахстана», 2006; «Демографический ежегодник Казахстана», 2005; «Итоги переписи», 2000; «Peoples of Kazakhstan», 2023; «Население Республики Казахстан», 2000)

Активизация в современное время миграционного потока в указанные городские поселения выявляет ряд проблем, с которыми сталкивается прибывшее население: востребованность на трудовом рынке, наличие жилищных условий и прочее. Всех переехавших в рассматриваемые города можно классифицировать по нескольким группам. Первую составляют межгородские мигранты. Как правило, данная категория прибывших имеет определенный материальный капитал и может претендовать на покупку благоустроенного жилья, включая так называемое элитное жилье, а также строительство благоустроенных домов и коттеджей. Вторую группу представляют преимущественно сельские мигранты, которые в силу низкого социально-экономического статуса довольствуются либо арендой жилья, либо проживают в построенных ими же домах на участках, где зачастую инфраструктура не до конца налажена. Лишь незначительная часть из них является пользователем вторичного рынка благоустроенного жилья («Реалии и прогнозы», 2025; Забирова, 2022).

Наличие в Казахстане только двух точек притяжения выступает свидетельством того, что остальные регионы республики в целом выглядят непривлекательными для мигрантов в плане их социальных, экономических и культурных притязаний. Большой поток мигрантов создает напряжение и конкуренцию на трудовом и жилищном рынке, из-за которой значительная часть переезжающих, особенно сельских, не имеет возможности для быстрой интеграции, в результате чего процесс урбанизации данной категории людей затягивается на долгие годы. Существует также угроза перенаселения рассматриваемых городов, возможности размещения на своей территории всех желающих, которых, рано или поздно иссякнут.

По данным таблицы 3 видно, что в исследуемый период происходит увеличение численности городского населения на 3,8%, повышение удельного веса в составе всего населения Казахстана – на 1,1 пункта.

Таблица 3. Расселение городского и сельского населения Казахстана по экономическим районам в 1999 – 2006 гг. (включая города Астана и Алматы)

Районы	1999 г. по итогам переписи		2006 г. на начало года	
	тыс. чел.	%	тыс. чел.	%
Все население	14953,1	100	15219,3	100
городское	8377,3	56,0	8696,5	57,1
сельское	6575,8	44,0	6522,8	42,9
Южный Казахстан				
Все население	5121,9	100	5456,7	100
городское	2012,5	39,3	2191,1	40,2
сельское	3109,4	60,7	3265,6	59,8
Западный Казахстан				
Все население	2054,3	100	2142,8	100
городское	1138,4	55,4	1179,8	55,1
сельское	915,9	44,6	963,0	44,9
Центральный Казахстан				
Все население	1410,2	100	1334,4	100
городское	1158,9	82,2	1125,1	84,3
сельское	251,3	17,8	209,3	15,7
Северный Казахстан				
Все население	3387,0	100	3055,9	100
городское	1719,1	50,8	1551,4	50,8
сельское	1667,9	49,2	1504,5	49,2

Восточный Казахстан				
Все население	1531,0	100	1431,2	100
городское	899,7	58,8	850,8	59,4
сельское	631,3	41,2	850,4	40,6
г. Астана	319,3	100	550,4	100
г. Алматы	1129,4	100	1247,9	100
<i>Примечание: составлено автором по данным «Национальный состав населения Республики Казахстан» (2000), «Демографический ежегодник Казахстана» (2005), «Перепись населения» (2010)</i>				

Рассмотренные выше эволюции численности и расселения актуализируют вопросы изучения установок казахского населения на рождаемость. В ходе социологического исследования были изучены репродуктивные установки городских казахских женщин в современный период. Были исследованы установки женщин на число детей в семье, на многодетность, распределение ролей в семье и т.д. Анализ ответов участников интервью позволяет сделать вывод о набирающей силу трансформации репродуктивного поведения казахского этноса.

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

Таким образом, анализ демографических процессов периода 1999-2006 гг. показывает, что в исследуемое время наблюдается увеличение численности тюркоязычных этносов, в особенности казахов. Так, отмечавшееся выше увеличение общей численности населения Казахстана на 266,2 тыс. человек, в целом было обусловлено ростом численности титульного этноса. Ареалом сосредоточения казахов продолжают оставаться Западный и Южный экономические районы, которые являются единственными в республике, где отмечается увеличение общей численности всего населения, причем как городского, так и сельского. Рост численности городских жителей в рассматриваемых районах говорит о том, что процессы урбанизации казахов, прослеживающиеся в предыдущие периоды, набирают силу. Коренное население, до недавнего времени традиционно занимавшее аграрную нишу, широко представлено теперь и в городах Казахстана.

Несмотря на сохраняющуюся тенденцию уменьшения численности европейских этносов, отмечается снижение их эмиграционной активности. В рассматриваемый период все большую актуальность приобретают не внешние, а внутренние миграции. Тенденции миграционного развития во внутриреспубликанских перемещениях приобретают общие для всех этносов черты. На смену этнической направленности миграционных процессов приходят социально-экономические мотивы. Важнейшим центром притяжения становится г. Астана, где отмечается увеличение численности не только титульного, но также русского и украинского этносов на 22,2% и 6,6%. Вышеизложенное говорит о том, что население Казахстана начинает формироваться на эндогенной основе, то есть становится независимым в демографическом плане. Это, по нашему мнению, является свидетельством того, что в исследуемый период демографическая ситуация в республике стабилизируется.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- Аубакирова Ж.С., Столярова Э.О., Сарсембаева Г.А., Краснобаева Н.Л., Алексеенко А.Н. (2023). *Региональные особенности репродуктивного поведения городских казахшек. Итоговый аналитический отчет по результатам социологического исследования (2021–2023 гг.)*. Алматы: ОО "Общество инвалидов "МЕЙІРІМДІ ЕЛ". <https://www.ektu.kz/dsr/publications/monographs/reproduktivnye-ustanovki-gorodskih-kazashkek.aspx>
- World Population Ageing 2019*. (2021). New York.
- Демографический ежегодник регионов Казахстана*. (2022). <https://stat.gov.kz/upload/iblock/8b4/amte2w23u52sjvyr5bzipag6igsp1safg/%D0%95-15->

- %D0%93%20(2018-2023)%20%D0%BA%D0%B0%D0%B7%20%D0%B8%20%D1%80%D1%83%D1%81.pdf
Демографический ежегодник Казахстана. (2024).
<https://stat.gov.kz/ru/publication/collections/?year=&name=16809&period>
Демографический ежегодник Казахстана. (2005).
<https://stat.gov.kz/upload/iblock/a45/2h021drzmdhjj9m5469ip17lb5xu3lfk/%D0%94%D0%B5%D0%BC%D0%BE%D0%B3%D1%80%D0%B0%D1%84%D0%B8%D1%87%D0%B5%D1%81%D0%BA%D0%B8%D0%B9%20%D0%B5%D0%B6%D0%B5%D0%B3%D0%BE%D0%B4%D0%BD%D0%B8%D0%BA.pdf>
Демографический ежегодник Казахстана. (2025). <https://stat.gov.kz/ru/national/1999/>
Employment in Kazakhstan, 2016-2020. (2021). Istanbul.
 Забирова, А.Т. (2022). *Миграция казахов в Алматы и Астану: жилищные условия и занятость*. Астана.
Итоги переписи 1999. (2000).
https://books.google.kz/books/about/%D0%9A%D1%80%D0%B0%D1%82%D0%BA%D0%B8%D0%B5_%D0%B8%D1%82%D0%BE%D0%B3%D0%B8_%D0%BF%D0%B5%D1%80%D0%B5%D0%BF%D0%B8%D1%81.html?id=uZEuAAAAMAJ&redir_esc=y
Kazakhstan during the years of independence. Information and analytical collection. (2021). Istanbul.
Население Республики Казахстан. (2000). <https://stat.gov.kz/ru/national/1999/>
Национальный состав населения Республики Казахстан. Население Республики Казахстан по национальностям и владению языками. (2000). <https://stat.gov.kz/ru/national/1999/>
Peoples of Kazakhstan 2003. (2023). New York.
Перепись населения 2010. (2010). <https://stat.gov.kz/ru/national/2009/general/>
 Реалии и прогнозы демографического развития Евразийского пространства. (2024).
Материалы Международной научно-практической конференции, (с. 400-405). Алматы: КазНУ им. Аль-Фараби.
Human Development Report 2020. (2021). UNDP.

Сведения об авторе

Сарсембаева Гульжан Алибековна – кандидат исторических наук, Восточно-Казахстанский университет им. С. Аманжолова, г. Усть-Каменогорск, Казахстан, e-mail: Gulzhan1974@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1371-1656>

Автор туралы мәліметтер

Сарсембаева Гульжан Алибековна – тарих ғылымдар кандидаты, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: Gulzhan1974@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1371-1656>

Information about the author

Sarsembayeva Gulzhan Alibekovna – candidate of historical sciences, S. Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan, e-mail: Gulzhan1974@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1371-1656>

ИСТОРИЯ И АРХЕОЛОГИЯ

Түпнұсқа мақала/Оригинальная статья/Research paper

DOI: https://doi.org/10.51885/3107-2755_SSADH_2026_2_13

FTAXP 03.20

Айдарбаева Р.К. ¹, Джаксылыков А.Ф. ^{2*}¹С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті²Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті, Өскемен қ., Қазақстан**Бұқтырма алқабының отарлануы**

АНДАТПА. Мақалада Қазақстандық Алтайдың негізгі бөлігін құрайтын Бұқтырма алқабының отарлануы және оның салдары мәселелері қарастырылған. Зерттеудің мақсаты мен міндеттері Бұқтырма өңірін отарлау мәселесі отандық тарихнамада әлі толық зерттелмеген тақырыптардың бірі болып табылады. Ресейлік зерттеушілер бұл проблеманы «Орыс әлемі» идеясы тұрғысынан бағалап, ерекше белсенділік танытуда. Осы жағдайда нақты тарихи деректерге сүйене отырып, қазақтардың Алтаймен байланысын, осы өңірдің отарлану ерекшеліктерін талдай отырып, Бұқтырма алқабы қазақтардың этникалық аумағының бір бөлігі болып табылатынын дәлелдейміз. Зерттеуде Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві мен Шығыс Қазақстан облыстық мемлекеттік Архивінің Алтай бөлімшесіндегі ізденіс жұмыстарының нәтижелері кеңінен қолданылған. Сонымен қатар аталған тақырыпқа қатысты әр жылдары жарық көрген құжаттар мен деректер пайдаланылған. Зерттеу барысында тарих ғылымында кеңінен тараған саралау, талдау, жүйелеу, салыстыру, әдістері қолданылды. Ұзақ уақыт бойы қазақтардың тарихы көршілес халықтардың, соның ішінде сібір түркілерінің тарихи тағдырынан тыс қарастырылып келді. Әр түрлі этнографиялық, археологиялық және фольклорлық деректерді салыстыра отырып, қазақтардың Алтаймен байланысы ұзақ уақыт үзілмегеніне көз жеткіземіз. Оңтүстік Алтайды алып жатқан Бұқтырма қазақтарының өміріндегі күрделі кезеңдердің бірі Ресейдің отаршылдық саясатының жүзеге асырылуымен байланысты. Алтай Тау-кен басқармасының иеліктерінің үнемі кеңейтіліп отыруы да жер мәселесін одан әрі ушықтырып жіберді. Осы кезеңде қазақтар жерлерінен айрылып, орыс қоныстанушыларының қысымына шыдамай, ата қоныстарын тастап, үдере көшуге мәжбүр болды. Қазақ руларының бір бөлігі Қытай аумағына кетуге мәжбүр болса, екінші бір бөлігі Таулы Алтайға қарай ығысуға мәжбүр болды. Мәжбүрлі көші-қон өте күрделі үрдіс екені белгілі. Бұл үрдіс Бұқтырма алқабындағы қазақ халқының басым бөлігінің шаруашылық құлдырауы мен кедейленуінің басты себептерінің бірі болып табылады.

ТҮЙІН СӨЗДЕР: Ресей, Алтай Тау-кен басқармасы, отаршылдық саясат, көші-қон.**МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ:** Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.**ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЖӘНЕ АЛҒЫС:** Зерттеуге демеушілік қолдау көрсетілмеді (жеке ресурстар).**ДӘЙКЕСӨЗ ҮШІН:** Айдарбаева, Р.К., Джаксылыков, А.Ф. (2026). Бұқтырма алқабының отарлануы. *Social Sciences & Digital Humanities*, 2(2), 206-223. https://doi.org/10.51885/3107-2755_SSADH_2026_2_13**Мақала тарихы:**

Редакцияға түсті: 24.03.2026

Жариялау туралы шешім қабылданды: 29.05.2026

Жарияланды: 30.06.2026

* Хат-хабаршы авторы: Джаксылыков Амантай Фрунзевич, e-mail: nueman@mail.ru

Айдарбаева Р.К. ¹, Джаксылыков А.Ф. ^{2*} 

¹ Восточно-Казахстанский Университет им. С. Аманжолова, г. Усть-Каменогорск, Казахстан

² Восточно-Казахстанский технический университет им. Д. Серикбаева, г. Усть-Каменогорск, Казахстан

Колонизация Бухтарминской долины

АННОТАЦИЯ. В статье рассматриваются вопросы колонизации Бухтарминской долины, составляющей основную часть Казахского Алтая, и ее последствия. Цель и задачи исследования. Вопрос колонизации Бухтарминского региона является одной из тем, которая еще не до конца не изучена в отечественной историографии. Особую активность проявляют российские исследователи, оценивая эту проблему с точки зрения идеи «Русского мира». В этой ситуации, основываясь на конкретных исторических данных, анализируя связь казахов с Алтаем, особенности колонизации этого региона, доказываем, что Бухтарминская долина является частью этнической территории казахов. В исследовании широко использованы результаты поисковых работ в Центральном государственном архиве Республики Казахстан и Алтайском филиале Восточно-Казахстанского областного государственного архива. Также были использованы документы и данные, опубликованные в разные годы. В ходе исследования были использованы широко распространенные в исторической науке методы анализа, систематизации, сравнения. Долгое время история казахов рассматривалась вне связи с историческими судьбами соседних народов, в том числе и сибирских тюрков. Сравнивая различные этнографические, археологические и фольклорные данные, мы убеждаемся, что связь казахов с Алтаем не прерывалось в течение длительного времени. Один из самых сложных этапов в жизни бухтарминских казахов связан с реализацией российской колониальной политики. Постоянное расширение владений Алтайского горного управления также усугубило земельный вопрос. В этот период казахи потеряли свои земли и, не выдержав давления русских поселенцев, были вынуждены покинуть родовые поселения и мигрировать в сопредельные территории. Часть казахского населения была вынуждена мигрировать на территорию Китая, другая часть была ушла в сторону Горного Алтая. Известно, что вынужденная миграция очень сложный процесс. Эта тенденция явилась одной из главных причин бедствия и распада хозяйства большей части казахского населения Бухтарминской долины

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: Россия, Алтайское горное управление, колониальная политика, миграция.

КОНФЛИКТ ИНТЕРЕСОВ: Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов.

ФИНАНСИРОВАНИЕ И БЛАГОДАРНОСТИ: Исследование не имело спонсорской поддержки (собственные ресурсы).

ДЛЯ ЦИТИРОВАНИЯ: Айдарбаева, Р.К., Джаксылыков, А.Ф. (2026). Колонизация Бухтарминской долины. *Social Sciences & Digital Humanities*, 2(2), 206-223. https://doi.org/10.51885/3107-2755_SSADH_2026_2_13

* Автор-корреспондент: Джаксылыков Амантай Фрунзевич, e-mail: nueman@mail.ru

Raushan K. Aidarbayeva ¹, Amantai F. Dzhaksylykov ^{2*}

¹S. Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

²D. Serikbayev East Kazakhstan technical university, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

Colonization of the Bukhtarma Valley

ABSTRACT. The article discusses the issues of colonization of the Bukhtarma Valley, which makes up the main part of Kazakhstan's Altai, and its consequences. The purpose and objectives of the study. The issue of colonization of the Bukhtarian region is one of the topics that has not yet been fully studied in Russian historiography. Russian researchers are particularly active in assessing this problem from the point of view of the idea of the "Russian World". In this situation, based on specific historical data, analyzing the connection of the Kazakhs with Altai, the peculiarities of colonization of this region, we prove that the Bukhtarma valley is part of the ethnic territory of the Kazakhs. The results of search work in the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan and the Altai branch of the East Kazakhstan Regional State Archive are widely used in the study. Documents and data published in different years were also used. In the course of the research, the methods of analysis, systematization, and comparison widely used in historical science were used. For a long time, the history of the Kazakhs was considered out of connection with the historical destinies of neighboring peoples, including the Siberian Turks. Comparing various ethnographic, archaeological and folklore data, we are convinced that the Kazakhs' connection with Altai has not been interrupted for a long time. One of the most difficult stages in the life of Bukhtarma Kazakhs is associated with the implementation of the Russian colonial policy. The constant expansion of the Altai Mining Administration's holdings has also exacerbated the land issue. During this period, the Kazakhs lost their lands and, unable to withstand the pressure of Russian settlers, were forced to leave their ancestral settlements and migrate to neighboring territories. Part of the Kazakh population was forced to migrate to China, while the other part moved towards the Altai Mountains. Forced migration is known to be a very complex process. This trend was one of the main causes of the disaster and the collapse of the economy of the majority of the Kazakh population of the Bukhtarma valley.

KEYWORDS: Russia, Altai Mining Administration, colonial policy, migration.

CONFLICT OF INTEREST: The authors declares that there is no conflict of interest.

ACKNOWLEDGEMENTS AND FUNDING: The study had no sponsorship support (own resources).

FOR CITATION: Aidarbayeva, R.K., Dzhaksylykov, A.F. (2026). Colonization of the Bukhtarma Valley. *Social Sciences & Digital Humanities*, 2(2), 206-223. https://doi.org/10.51885/3107-2755_SSADH_2026_2_13

* Corresponding author: Dzhaksylykov Amantai Frunzevich, e-mail: nueman@mail.ru

КІРІСПЕ

Біздің зерттеуіміздің нысаны Қазақстандық Алтайдың негізгі бөлігін құрайтын Бұқтырма алқабының отарлануы және оның салдары болып табылады. Бұл мәселе отандық тарихнамада әлі де болса толық зерттелмей келе жатқан тақырыптардың бірі. Керісінше, ресейлік зерттеушілер бұл тақырыпты өз назарларында жіті ұстап, «Орыс әлемі» идеясы тұрғысынан баға беріп келе жатыр. Оның саяси астары да бар. Соңғы кезде кейбір ресейлік саясаткерлер тарапынан еліміздің кейбір аумақтарына, соның ішінде шығыс аймақтарына көз алартушылық жиілеп кеткендігі ақиқат. Осындай жағдайда нақты тарихи деректерді негізге ала отырып қазақтардың Алтаймен байланысын, осы аймақты отарлаудың ерекшеліктерін талдау арқылы Бұқтырма аймағының қазақтың байырғы жері екендігін дәлелдейміз.

ӘДЕБИЕТТЕРГЕ ШОЛУ

Революцияға дейінгі орыс зерттеушілері маңызды үлес қосты. Куәгерлер бола отырып, қазақ даласында және оған іргелес аумақтарда болған оқиғаларды сипаттады. Ресейдің ғылыми қоғамдары мен орталықтарын білдіретін орыс зерттеушілерінің қызметі, ең алдымен, қазақ халқымен байланысты тарихи оқиғаларға қатысты мұрағаттық, археологиялық және лингвистикалық материалдарды терең зерттеумен сипатталды; тарихи деректерді жинау және сыни талдау әдістерін әзірлеу арқылы жүзеге асырылады. сонымен бірге революцияға дейінгі авторлардың көптеген шығармаларының кемшіліктерін атап өту қажет. өңірдің әлеуметтік-экономикалық тарихымен, демографиясымен және тарихи географиясымен тікелей байланысты бірқатар мәселелер оларда көрініс таппады: этникалық аумақты қалыптастыру және көрші халықтардың өзара байланыстары проблемалары зерттелмеді. Алтайдың зерттеушілерінің бірі капитан И.Г. Андреев (2007) болды. Білімі бойынша инженер, ол көпірлер салды, әскери бекіністердің картасын түсірді. Өзінің қызметтік міндеттерін ғылыми сабақтармен табысты ұштастырды. Оның еңбектерінен оған сол кездегі қазақ даласының, Сібірдің, көршілес елдердің халықтары туралы орыс тарихи-этнографиялық әдебиетінің барлығы дерлік белгілі болғаны көрінеді.

Қазақстанның отарлауы мен қоныс аудару саясатының алғышарттары мен салдары Е.Шмурло (1995), Т.Седельников (1907), Ф.Бабковтың (1912) еңбектерінде айқын көрініс тапты. Е.Шмурло мақаласында ресми құжаттар негізінде царизмнің отарлық саясатының мәні ашылып, өз жерлерінен күштеп айырылған және шектес аудандарға, оның ішінде Таулы Алтай аумағына қоныс аударуға мәжбүр болған Бұқтырма қазақтарының жағдайы егжей-тегжейлі сипатталған.

Сібір жергілікті халықтарының мәселелерін зерделеуге Н.М. Ядринцевтің (1882) еңбектері арналған. Деректі материалдар мен жеке бақылаулар негізінде ол Сібір халықтарының, оның ішінде қазақтардың тұрмысы мен жағдайын, олардың қоныс аударушы шаруалармен өзара қарым-қатынасын сипаттайды, царизмнің миссионерлік саясатының мәнін ашады.

Таулы Алтай аумағында тұратын қазақтар тобының бірі туралы толық мәліметтерді алғаш рет С.П. Швецов (1900) берді. Оның жұмысы алтайлықтар мен қазақтардың шаруашылықтары мен тұрмысын жан-жақты сипаттайды. Құнды этнографиялық материалдарды статистик және этнограф Ф.А. Щербина (1905) басқаратын экспедиция жинаған. Бұл зерттеуде Ертістің оң жағалауында қазақтардың қоныстануы туралы материалдар, Сібір аумағындағы қазақ руларының қозғалысы туралы тарихи мәліметтер үлкен маңызға ие болды.

Қазақстан тарихын жан-жақты және терең зерттеу кеңестік кезеңнен басталады. Жалпылама еңбектерде XVIII-XIX ғасырларда Сібір мен Алтай өңірінде болған тарихи оқиғалар жария етілді, Тарихи әдебиетте негізгі қоныстану аумағынан тыс, оның ішінде Таулы Алтай аумағында тұратын қазақ халқының түрлі топтарының этникалық даму проблемалары белгілі бір деңгейде жария етілді. Қазақтардың бұл тобына А.И. Самойлович (1930) арнайы тексеру жүргізді. Оның мақаласы қазақтардың Оңтүстік Алтайға қоныс аудару тарихына,

олардың генеологиясы мен тайпалық бөлінуіне, материалдық және рухани мәдениеттің кейбір компоненттерінің сипаттамасына арналған.

Құнды жұмыстардың бірі А.В. Коноваловты (1986) зерттеуі болып табылады, ол Таулы Алтайдың Қосағаш қазақтарының этнографиясына арналған. Алтайды мекендеген қазақ халқы туралы мәселені қарастыра отырып, біз Алтай түркілердің алтын бесігі екенін ұмытпауымыз керек. Мұнда тарих, мәдениет пен тілдің ортақтығымен біріктірілген тайпалар мен халықтар өмір сүрген. Көп жылдар бойы қазақтардың тарихы көршілес халықтардың, соның ішінде сібір түріктерінің тарихи тағдырларынан бөлек зерттелді. Осыған байланысты осы мәселелерді жеткілікті зерттемеген кәсіби тарихшылардың да кінәсін мойындау керек, өйткені идеологиялық инквизиция жағдайында пантүркизм мен панисламизмнен қорқу осы бағыттағы барлық әрекеттерге жол бермеді. Дегенмен, Алтайдың түркітілдес халықтарының басқа халықтармен, оның ішінде қазақтармен этногенетикалық және этномәдени байланыстары С.И. Руденконың (1953), С.М. Абрамзонның (1990), П.Л. Потаповтың (1949) жұмыстарында зерттелген. Бұл мәліметтер қазақтардың Алтаймен тарихи байланыстарының ежелгі тарихы бар екенін дәлелдейді.

Көтеріліп отырған мәселелерді шешуде М.С. Мұқановтың (1974), Н.А. Томиловтың (1992), К.А. Пищулинаның (1994) зерттеулері құнды үлес болып табылады. Н.В. Алексеенко (1966) өз еңбектерінде Алтай таулы округінің XVIII-XIX ғасырлардағы көпұлтты халқы мен сібір шаруалары, қазақтары мен казактарының өзара қарым-қатынасы мәселелерін қарастырды.

Соңғы жылдары Қазақстанмен шекаралас аймақтарды қоныстанған қазақ халқы туралы отандық тарихшылардың зерттеулері жарық көрді. Олардың қатарына Г. Меңдіқұлованың (2006), Р. Айдарбаеваның (2009) диссертациялық жұмыстарын атап өтуге болады.

Осы зерттеуге негіз болған мәселелер Ресей тарихшыларының да назарына тыс қалған жоқ. Олардың қатарында И.В. Октябрьская (2004), И. Анисимова (2004), Ю.А. Лысенколардың (2016) зерттеулерін атауға болады. Ресей және Қазақстан тарихшыларының арасында бітіспес дискуссия туғызып отырған мәселелердің бірі – отарлау саясаты. Ресей тарихшыларының бұл мәселе бойынша ортақ көзқарасы И. Анисимованың еңбектерінде көрініс тапқан. Ол орыс отарлау саясатын үзілді-кесілді мойындамай, царизмнің XVIII-XIX ғасырлардағы Қазақстан аумағындағы саясатын өркениет пен модернизация факторы тұрғысынан түсіндіруге тырысады. Сондай-ақ, Бұқтырма алқабына қазақ руларының орыс қоныстанушыларынан әлдеқайда ерте келіп орналасқанына қарамастан, «байырғы орыс жерлері» Қазақстанға өтіп кетті деген пікір білдіреді.

Қорытындылай келе, бірқатар жарияланған жұмыстар зерттелетін проблеманың кейбір жақтарын қамтығанын мойындаймыз. Дегенмен қазақ халқының Алтайдың осы бөлігін мекендеген тобы туралы әлі де болса толыққанды зерттеулер қажет. Ұсынылып отырған мақала осы олқылықтардың орнын толтыруға бағытталған қадамдардың бірі болып табылады.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Мақаланың деректігін негізін Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінің Дала генерал губернаторының кеңсесі № 64-қорының, Семей облыстық бақармасы № 15-қорының, Шығыс Қазақстан облыстық архивінің Алтай бөлімшесінің № 6-қорының құжаттары құрады. XX ғ. басында Ф. Щербина басшылығымен жүргізілген далалық облыстарды зерттеу экспедициясының қарастырылып отырған тақырыпқа қатысты материалдары мақаланың деректік негізін толықтыра түсті.

Қазақстан мен Ресей тарихшылары арасында отарлау саясатына байланысты бітіспес көзқарас бар екендігі мәлім. Мақалада нақты тарихи деректерге сүйене отырып патша өкіметінің отарлау саясатының мәнін ашуға талпыныс жасалды. Бұқтырма алқабының отарлану барысына талдау жасау нәтижесінде оның қазақ халқы үшін ауыр салдары ашып көрсетілді. Зерттеу барысында тарих ғылымында кеңінен тараған саралау, талдау, жүйелеу, салыстыру әдістері қолданылды.

НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ

Қазақтардың тарихы Алтаймен тығыз байланысты. Әр кезеңде бұл аумақты тарихы, мәдениеті, тілі ортақ тайпалар мен халықтар мекендеп келді. Ғалымдар түркітілдес халықтардың дамуының әртүрлі кезеңдеріндегі этномәдени байланыстарын зерттей отырып, ұлттық ерекшеліктермен қатар күнделікті тұрмыста, тіл мен мәдениетте, бүгінгі күні де байқалып келе жатқан сол қауымдастық белгілерінің терең тарихи тамырларының нақты бар екендігін дәлелдейді (Абрамзон, 1990, б. 45-46). Ұзақ уақыт бойы қазақтардың тарихы көршілес халықтардың, соның ішінде сібір түркілерінің тарихи тағдырынан тыс қарастырылылып келді. Сонымен қатар, оларды бір-біріне қарсы қойып, экономикалық және мәдени байланыстардың алуан түрлілігі Ресеймен қарым-қатынас шегінде ғана жасанды түрде шектеліп келді. Әр түрлі этнографиялық, археологиялық және фольклорлық деректерді салыстыра отырып, қазақтардың Алтаймен байланысы ұзақ уақыт үзілмегеніне көз жеткіземіз.

Қазақтардың Алтаймен байланысының терең тарихы бар, оның тамырлары сонау қола дәуірі, Андронов мәдениеті заманына кетеді. Археологиялық материалдар сол заман тайпалары мен қазіргі қазақтардың мәдениетінің арасында көптеген ұқсастықтар бар екендігін дәлелдейді (Муқанов, 1991, б. 3). Алтай тарихында ерте көшпенділердің негізгі өкілдері болып табылатын сақтардың үстемдік еткен кезеңі ерекше орын алады. Бақташылық және көшпелі мал шаруашылығына негізделген ортақ шаруашылық негіздің және табиғи шекаралары жоқ жалпы аумақтың болуы олардың арасында үздіксіз байланыс орнауына себепкер болып, мәдениеттеріне біртұтас көрініс берді.

Таулы Алтайды мекендеген тайпалардың этникалық шығу тегі С.П. Руденко «Таулы Алтай тұрғындарының физикалық типі қазіргі заманғы қазақтар мен қырғыздарға ең жақын» дейді (Руденко, 1953, б. 69). Бұл антропологиялық фактілер Алтай қорғандарында сонау өткен дәуірдің осы қазба мәдениеті мен Орталық Азия мен Сібірдің қазіргі халықтарының мәдениеті арасындағы күтпеген айқын және берік байланысты көрсететін заттардың табылуымен байланысты ерекше мәнге ие. Мысалы, Пазырықтың мұз камераларынан табылған киіз кілемдер қазіргі қырғыздардың, алтайлықтар мен қазақтардың ұқсас бұйымдарын безендіретін дәл осындай қисық өрнектермен қапталғаны анықталды (Народы Сибири, 1956, б. 130). Оңтүстік Сібірдің ерте көшпелілерімен шаруашылық пен материалдық мәдениеттің ортақтығы олардың кәсіптерінен, баспанасынан, тамақтарынан, киім-кешектері мен өнерінен көрінді (Потапов, 1949, б. 43, 46-51).

Алтайдың одан арғы тарихы көне түркілермен байланысты. Алтайдың түркілердің ата қонысы болғанын ұмытпауымыз керек. Дәл осы жерде түркі тілдес халықтардың тікелей ізашары мен ата-бабаларына айналған этносаяси бірлестіктер пайда болды. Түркі тілдес халықтардың дамуының әртүрлі кезеңдеріндегі олардың этномәдени байланыстарын зерттей отырып, ғалымдар күнделікті тұрмыста, тіл мен мәдениетте, халық шығармашылығында ұлттық сипаттармен қатар бүгінгі күнге дейін байқалып келе жатқан қауымдастықтың ерекшеліктерінің терең тарихи тамырының нақты бар екендігін дәлелдейді. Алтайлықтар, қазақтар мен қырғыздардың этникалық тарихын, материалдық және рухани мәдениетін салыстырмалы талдау осыған дәлел бола алады.

Алтайлықтар мен қазақтардың этногенетикалық байланыстары туралы мағлұматтар халық аузындағы аңыздарда да көрініс тапқан. Солардың бірінде, Белеуіт пен Телеуіт деген екі ағайындылардың ата-аналарынан айрылып, жетім қалғандығы туралы айтылады. Олардан мұраға бие мен мылтық қалады. Тайкескен Шұнақ деген жерде ата-ана мұрасын бөлу кезінде Белеуітке бие, ал Телеуітке мылтық бұйырады. Соңыра, аңызға сәйкес, Белеуіттен қазақтар, ал Телеуіттен алтайлықтар тараған. Сондықтан, қазақтар қымызды, алтайлықтар аңшылықты ұнатады-мыс (Потапов, 1969, б. 149).

Одан кейінгі бүкіл кезеңде қазақтардың Алтаймен байланысы үзілген жоқ. Жазба деректердің үзік-үзік болуы және археологиялық зерттеулердің әлсіздігі кейінгі ортағасырлық кезеңдегі қазақтардың Алтаймен байланысының тарихын қайта құруды қиындатады. Бірақ осыған қарамастан, әртүрлі дереккөздерді - фольклорлық, лингвистикалық, этнографиялық

және басқаларды - салыстыру осы кезеңде де қазақтардың ата-бабалары Алтайдың әртүрлі аудандарын мекендеуді жалғастырды деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Жағдай Алтаймен көршілес аймақта ойрат тайпаларының күшейіп, кейіннен Жоңғар хандығының пайда болуына байланысты күрт өзгере бастайды. Екі көшпелі мемлекеттің бақталастығы Алтай аумағының этникалық құрамына да өзгеріс әкелгені белгілі. Жоңғар әскерінің қысымына шыдамаған қазақ рулары өз ата қоныстарын тастап, батысқа қарай үдере көше бастайды. XVIII ғ. орта шеніне дейін бұл жерлер Жоңғар хандығының қол астында болғаны белгілі. Жоңғарлар жаулап алған соң бұл жерлерден қазақтардың барлығы батысқа қоныс аударып, көшіп кетті деу даусыз тұжырым емес сияқты. Жоңғар-қазақ қарым-қатынастарының күрделі болғаны сөзсіз, дегенмен, оларды тек әскери қатынастар шеңберімен ғана шектеуге болмайды. Олардың арасында қысқа уақыттық болса да бейбіт, сауда қатынастары мен өзара одақ кезеңдері де болғанын естен шығармауымыз керек. Осындай кезеңдерде ауылы аралас, қойы қоралас өмір сүрген кездері де болған. Сөзіміз дәлелді болу үшін тағы бір-екі мысал келтіре кетейік. Мысалы, белгілі ғалым М. Мұқанов алтай қазақтарының басым бөлігін құрайтын наймандардың түркі тектілігі туралы теорияны қолдай отырып, олардың бір бөлігінің бірнеше ғасыр бойы моңғолдар қоластында болса да (алғашында Шыңғыс хан мемлекеті, кейіннен Жоңғар хандығы құрамында), өздерінің тілін, дінін, әдет-ғұрпын сақтап қалғандығын тілге тиек етеді (Муканов, 1974, б.40). Келесі бір дерек бойынша, XVII ғ. соңы – XVIII ғ. басында төлеңгіттердің бір бөлігін жоңғарлар солтүстіктен оңтүстік Алтайға – Бұқтырма өңіріне – Бұқтырма және Уба өзендерінің алқабына - қоныс аудартып, ол жерлерде төлеңгіттер мен қазақтардың жайылымдары аралас-құралас (черезполосица) орналасқаны туралы айтылады (Пищулина, 1992, б.112).

Келтірілген деректер негізінде XVIII ғ. басында қазақтардың бір бөлігі әлі де болса Алтайдың оңтүстік бөлігі – Бұқтырма алқабын мекендегеніне көз жеткізуге болады. Кейбір орыс зерттеушілерінің Алтайды «иесіз жатқан бос жерлер» деп атауының негізсіз екендігі, бұл аймақты қазақтар, төлеңгіттер және басқа алтайлық көшпелі тайпалардың жыл мезгілдеріне сәйкес циклдік көшпеліліктің белгілі бір кезеңінде маусымдық жайылымдар ретінде пайдаланғаны белгілі.

Сонымен бірге, XVIII ғасырдың бас кезінде жекелеген қазақ руларының Ертіс өзенінің орта ағысына іргелес жерлерге көшуі де байқалды. Қазақтардың бұл қозғалыстары туралы құнды мәліметтерді статист Ф. Щербина басқарған экспедиция материалдарынан табуға болады. Олар Уактың екі ұрпағы алдымен Ертістің оң жағалауына қалай ауысқаны, содан кейін бірнеше жылдан кейін Батыс Алтай аймағына қоныс аударғаны туралы хабарлайды (Материалы..., 1903, б.7).

Алтайдың кен байлығы ертеден Ресей отаршыларының да қызығушылығын тудырды. XVIII ғасырдың басында Ресей мемлекеті өз тарихының ең қиын кезеңдерінің бірін бастан өткерді. Елдің экономикалық бірігуінің аяқталуы, мануфактуралық өндірістің басталуы Ресейдің салыстырмалы артта қалуынан шығуға объективті мүмкіндіктер туғызды, 1 Петр реформаларының табысты болуын қамтамасыз етті. Ақсүйектердің едәуір бөлігінің және өсіп келе жатқан сауда-өнеркәсіп буржуазиясының мүддесі үшін мемлекеттік аппаратты қайта құру жүргізілді, өнеркәсіп пен сауданы дамыту көтермеленді. Ақсүйектер мен көпестердің мүддесіне сай 1 Петр үкіметі жер иеліктерін кеңейтуге, ашық теңіздерге шығатын жолдарды жаулап алуға бағытталған сыртқы саясатты жүргізген болатын. Шығыс және Батыс елдерімен қауіпсіз сауданы қамтамасыз ету е басты міндеттердің бірі болды. Сол кездегі царизмнің сыртқы саясатының негізгі бағыты Балтық жағалауы мен Қара теңіз жағалауы үшін күрес болды. Алайда, сонымен бір мезгілде, анағұрлым аз дәрежеде болса да, оның Шығыстағы саясаты да жандана түсті. Оңтүстік Сібір, оның ішінде Алтай аумағы да күшейтілген отарлау объектісіне айналды.

Бұл бағыттағы ілгерілеу бірнеше факторларға байланысты болды. Бірінші кезекте, бұл Ресейдің аумақтық иелігін едәуір кеңейтуді қамтамасыз етті. Сондай-ақ Қытаймен және Үндістанмен сауда байланыстарын жеңілдетті. Ең бастысы - Алтайда полиметалл кендерінің табылуы болды. Дәл осы фактор царизмнің осы өлкені отарлауға ерекше қызығушылығын

тудырды. "Орыс мемлекеті... XVII және XVIII ғасырлардың тұсында... өзінің әскери және қаржылық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін металдарға деген ерекше қажеттілікті сезінді", - деп жазды С.В. Бахрушин (Бахрушин, 1955, б.172) Бұл Ресей үкіметінің Алтай мен Ертіс маңы аудандарында өз билігін таратуға деген табанды ұмтылысын түсіндіреді. Алайда, бұл үшін қолайлы жағдайлар бірден қалыптасқан жоқ. Ең басты кедергі жоңғар билеуші топтарының қарсылығы болды.

Көп ұзамай Алтайдағы жағдай өзгерді. Жоңғар-қытай қарым-қатынастарының шиеленісуі ойраттардың назарын Алтайдан біраз уақыт басқа жаққа аударды. Бұл жағдай Алтайда отаршылдық саясаттың жандануына алып келді. Отарлаудың осы кезеңінде шешуші рөл әскери отрядтарға берілді (Казахстанская правда, 1990). Бұл әскери жасақтар редут-бекіністер, қоныстар мен қалаларды құрды. Жоңғарлармен ұзаққа созылған соғыспен айналысқан қазақтар Ертістің оң жағалауындағы олардың құрылысына кедергі келтірмеді.

XVIII ғ. орта шенінде, яғни 1758 ж. Жоңғар хандығының жойылуы аймақта үлкен өзгерістерге жол ашты. Цинь үкіметі өзін Жоңғария мемлекетінің мұрагері екендігін жариялап, қытай әскерлері жаңа шекара шебіне орналыстырыла бастады. Абылай ханның басшылығымен кезінде өз мекендерін тастап, батысқа ауған қазақ руларының бір бөлігі атақонысқа оралды. Әрине, Цинь үкіметі қазақтардың бұл көші-қонына тосқауыл қоюға тырысты. Император Цянь Лунь мен Абылай хан арасындағы хат алмасу соған дәлел бола алады. Алайда, қазақ руларының ғасырлар бойы қалыптасқан Алтай, Тарбағатай өңірлеріндегі жайылымдарына көшіп-қону үрдісін тоқтатуға мүмкіндігі жоқ еді. Сондықтан 1767 ж. Қытай үкіметі әр жүз бас малдан бір бас салық төлеп тұрған жағдайда бұл жерлерді қазақтардың «уақытша» пайдалануына беруге келісім береді.

Ертістен шығысқа қарай аймақты мекендеген Қаратай-Дәулет руларын басқарған белгілі Мәметек бай мен оның ұрпақтары орыс бодандығын қабылдағанға дейін билікті өз қолдарынан шығармады және Қытай императорына төленетін алымды реттеп отырды. Қаратай-Дәулет рулары жылына 10 бас жылқы төлеп тұруға міндеттелді (Материалы..., 1909: 5). Сонымен қатар қазақтар қытайларды олардың пикеттері арасында жүріп-тұруы үшін мініс аттармен қамтамасыз етіп отыруға келісті. Қазақтар мен Қытай үкіметі арасындағы материалдық қатынастар тек осымен шектеліп қалған болатын.

XVIII ғ. алғашқы ширегінде Алтайға табан тіреген орыс кәсіпкері А. Демидов Колыван заводы мен Змеиногор кенішінің негізін қалаған еді. Демидов қайтыс болған соң 1745 жылы Алтай патша отбасының иелігіне өтсе, зауыттар мен кеніштер Министрлер Кабинетінің меншігіне өтіп, ендігі жерде Алтай тау округі деп атала бастады.

Алтай тау округінің шекаралары XIX ғасырдың соңына дейін белгісіз болды. Тау-кен өндірісін кеңейте отырып, отарлаушылар жаңадан ашылған кен орындары есебінен округтің аумағын толассыз кеңейтіп отырды. Олардың бұл әрекеттерінен ең алдымен жергілікті халықтар, соның ішінде Алтай қазақтары да жапа шекті. Тау-кен зауыты басшылары қазақтарды өз жерлерінен ығыстырып шығаруды өздеріне мақсат етіп қойды. Реформаға дейінгі кезеңде тау-кен зауыты билігі Батыс Сібір генерал-губернаторлығына қазақтарды Алтай таулы округінің жерлерінен алып тастауды талап етіп жан-жақты қысым көрсетіп отырды. Қазақтарды өз мекендерінен аластату мәселелерімен айналыса отырып, Алтай тау-кен басқармасы олардың негізгі қоныстанған аудандарын айқындады. Тау-кен зауыты басшыларының 1852 жылғы 26 қаңтардағы хабарламаларына сәйкес қазақтар, негізінен, Бұқтырма, Уба болыстарының барлық шаруалар деревняларының жанындағы аймақтарды мекендеген.

Алтай тау округінің басқармасы қазақ ауылдары мен орыс деревняларының көршілес болуын шаруалардың әл-ауқатына да, зауыттар мен кеніштердің қызметіне де зиянды деп тапты. Олардың пайымдауынша, қазақтар «шаруалар мен зауыт тұрғындарына қысым көрсетіп, кендерді кеніштерден зауыттарға тасымалдауға кедергі келтіреді». Сонымен қатар, қазақтардың малдары жайылымдарды таптап, кен тасымалдаушылардың көліктеріне жем-шөп тапшылығы туындатып отыр, соның салдарынан кен тасымалдау жоспарлары орындалмай жатыр деп шағымданады.

Тау-кен басқармасы халықтар арасына іріткі салып, бір-біріне қарсы айдап салу сияқты құйтырқы әрекеттерден де бас тартқан жоқ. Орыс шаруалары мен қазақтар арасында ешқандай іскерлік байланыс жоқ, тек өзара араздық ғана барын дәлелдеуге тырысты. Алайда арнайы жүргізілген тексеру барысында оның бәрі жоққа шығарылды. Керісінше, орыс шаруалары өздерінің зауыттарға тіркелген соң өз шарушылықтарында жұмыс істеу мүмкіншіліктерінің шектелгеніне шағымданып, «тек қазақтардың көмегімен ғана егімізді салып, жинап алып отырмыз» дегенді алға тартады. Қазақ және орыс шаруаларының арасындағы іскерлік қарым-қатынасы айырбас саудада да көрініс тапты. Олар малдарын негізінен астыққа, металл бұйымдарына және арзан маталарға айырбастап отырды.

Жергілікті халық пен орыс шаруаларының көршілестігі мен қарым-қатынасы қазақ шаруашылығы үшін із-түзсіз өтпеді. Қазақтар біртіндеп орыс шаруаларының егіншілік дағдыларын игеріп, отырықшы өмірге үйрене бастады. Би округінің аумағында ұзақ уақыт өмір сүрген қазақтар шаруалардың отырықшы өмірінің әдет-ғұрыптарына үйренгендерін хабарлап, Қара Ануй өзенінің маңындағы бос жерлерде өз ауылдарын ұйымдастыруға рұқсат сұрайды. Қазақтармен күнделікті қарым-қатынас орыс шаруалары үшін де із-түзсіз болған жоқ. Бұл туралы Сібір әкімшілігінің құжаттарында және тарихи әдебиеттерде атап өтілген. Мысалы, Ядринцев Шығыстағы орыстардың жергілікті халықтардың мәдениетін, салт-дәстүрін, тілдерін қабылдап, өзара әрекеттесуі сөзсіз факт деп мәлімдейді (Ядринцев, 1882, б.32).

Орыс шаруалары қазақтың тілін меңгеріп, олардың мал шаруашылығын жүргізудегі тәжірибесін игерді. Орыс және қазақ халқының өзара ықпалы олардың материалдық мәдениетінде де көрініс тапты. Казак станицаларының аулаларында киіз үйлерді жиі кездестіруге болатын. Шаруалардың жергілікті табиғи жағдайға бейімделген қазақы киімдерді киюі де жиі кездесетін. Өз кезегінде қазақ халқы арасында орыс маталары мен металл бұйымдарына сұраныс артты. Осылайша, патша үкіметінің көзқарастарына қайшы келетін қазақ пен орыс халқының қарым-қатынасы қалыптасты.

Дегенмен Алтай тау округінің басшылығы қазақтарды толықтай ығыстырып шығару саясатынан бас тартқан жоқ. Бұл қазақтар алдын-ала жазғы жайылым мен қысқы тұрақтармен алдын-ала қамтамасыз етілмесе олардың экономикалық күйреуге ұшырауы мүмкін екендігі айдан анық еді. Жергілікті халықтың жағдайымен етене таныс Семей облыстық әкімшілігі мұндай шұғыл қадамдарға барудың қаншалықты қауіпті екендігін талай рет ескерткен де болатын. Алайда Алтай тау округінің басшылығы алдына қойған мақсаттарынан бас тартпады. Қазақтардың Алтай жерінен күштеп ығыстыру саясаты жалғаса берді (ҚРОМА).

Жағдай XIX ғ. 60 жылдарының аяғына қарай күрт өзгеріп кетті. Бұл кезде бүкіл қазақ жері Ресей құрамына еніп, оның отарына айналған еді. Осыған байланысты Ресей өз билігін нығайтуға бағытталған әртүрлі әкімшілік қайта құруларды жүзеге асырып, отарлау саясатын күшейтті.

Ресейдің оңтүстік Алтайды отарлау ерекшеліктерін Бұқтырма алқабы қазақтарының тарихы негізінде айқын ашып көрсетуге болады. Бұқтырма басын Алтайдан алып, Ертіске құятын өзен, ұзындығы 336 шақырым. Осы өлкедегі қазақтардың тілін зерттеуші Ж. Болатов өзен атауы анықтама беріп кеткен еді. Оның пікірінше, ағысы қатты, асау, тау өзені болғандықтан түсіп кеткен нәрсені, мейлі ол мал болсын, адам болсын, қайта тұруға шамасын келтірмей, тастан тасқа соғып, бұқтырып әкетеді. Бұқтырма өзені жағасында суға кетудің салдарынан адам, мал шығыны жиі болады. Сондықтан халық оны Бұқтырма деп атап кеткен екен.

Бұқтырма алқабы 12 660 шаршы шақырымды алып жатқан, аса шүйгін жайылымдар мен шабындықтарға бай, құнарлы топырақты аймақ. Мал шаруашылығы және егіншілікпен айналысуға аса қолайлы болып келеді. Қос қапталынан тау жоталарымен қоршалған, табиғаты аса көркем аймақ Алтай тауларын ертеден мекендеген тайпалар мен халықтардың ортақ мекені болып келген еді.

Бұқтырма алқабы қазақтарының ресей бодандығын қабылдауы XIX ғасырдың 60-70-жылдары жүзеге асты. Қаратай-Дәулет рулары орыс бодандығын қабылдағаннан кейін

Шыңғыстай және Үркер болыстарына бірігеді. XIX ғасырдың 70-жылдарының басында олардан Өтей руы бөлініп шығып жеке Күршім болысын құрайды. 1872-1873 жылдары Андағұл, Бура, Жәрімбет, Мұнайтпас, Шеруші рулары да бөлініп шығып, Нарым болысына бірігеді (Материалы..., 1909, б.5). Кейінірек бұл болыстардың құрамы жаңадан көшіп келген рулармен толығып, олардың қатарына Сарғалдақ, Шоңмұрын, Кәлім және тағы басқа рулар енеді. Кейін келген рулар Бұқтырманың жоғарғы ағысындағы жерлерге орналастырыла бастады. Аталған жерлерде олардың қыстаулары орналасқан болса, жазғы айларын олар Бұқтырманың оң жағалауында орналасқан кең байтақ шүйгін жайылымды Шабанбай жайлауларында өткізетін болған.

XIX ғасырдың 60-жылдары басталған орыс отарлау саясатының Бұқтырма қазақтары үшін ауыр салдары болды. Топографиялық жағдайлары және географиялық ерекшеліктеріне байланысты Бұқтырма алқабын отарлау біртіндеп өзен бойымен батыстан шығысқа қарай жүргізілді. Алғашында Бұқтырма алқабының тек төменгі сағасы басып алынды. 1864 жылға дейін Бұқтырма өзені бойымен Ресей мен Қытай арасындағы шекара белгіленген болса, Шәуешек шартына қол қойылғаннан кейін өзеннің сол жағалауы да Ресей бақылауын берілген болатын. Жалпы осы келісім бойынша Ресей құрамына 64 000 халық тұратын 25 960 шаршы километр жер кірді. Шекара географиялық белгілер бойынша анықталды. Екі жақ та аталған жерлерде өмір сүріп жатқан жергілікті тұрғындар – қазақтардың пікірін ескеру, мүддесін қорғау артық деп тапты. Нәтижесінде қандас туыстар шекараның екі жағында қалды. Ал, Бұқтырма қазақтары болса екі империя арасындағы келісімдерге қарамастан өзеннің екі жағалауын да өздерінің атамекені санап келді.

Жер мәселесі жөнінде қазақтар мен орыс әкімшілік органдары арасында қақтығыстардың осы кезден бастап жиілеп кеткенін атап өткен жөн. Солардың бірі Шәуешек келісіміне қол қоярдан сәл ғана бұрын орын алған болатын. Бұл оқиға былай болған еді. 1863 ж. 26 наурызында Батыс Сібір генерал-губернаторы Дюгамель өз жарлығымен Ресей бодандығын қабылдамаған қазақтарды Бұқтырманың оң жағалауы мен Берел өзендері сағасынан ығыстырып, қытай қарауылдары жағына шығару керек деп бұйырады. Өйткені, олар «біздің келісімізсіз *«атам заманнан орыстарға тиесілі жерлерге»* өз еріктерімен қоныстанып алған және орыс шаруаларының аң аулауына кедергі келтіріп отыр» деп түсіндіреді. Қазақтар бұл жерлерді «өз еріктерімен басып алды» деген сөздердің негізсіздігі айдан анық еді. Өйткені, олар Бұқтырма өңірінде бұл жерге алғашқы орыс қоныс аударушылары келерден әлдеқайда бұрын мекен еткен болатын.

Біраз уақыттан кейін, яғни сол жылдың 31 мамырында Семей губернаторы Панов жарлықтың жүзеге асырылғандығын айта келе, Бұқтырманың оң жағалауында Қаратай мен Самай руларының тек 5 ауылы ғана қалды, қалғаны өзеннің екінші жағалауына ығыстырылып шығарылды деп хабарлайды (ҚРОМА).

Қоныстарынан айрылған қазақтардың жағдайы тым ауыр еді. Оны Қытайдың Қобда ауданы басшысының (Хобой-Амбань) 1866 ж. 24- қыркүйегінде Пекин үкіметіне хабарынан білуге болады. Шыңғыстай пикетінің басшысы Дәшаньның хабарына қарағанда орыстардың қарулы отрядтары бұрыннан Бұқтырманың оң жағалауын мекендеп келген қазақтарды сол жағалауға қуып тастаған. Өз қоныстарынан айрылған қазақтарды әр жерлерге бөліп-бөліп орналастырған болдық. Орыс офицеріне шекаралық белгілер қойылғанға дейін бұл қазақтарды өз мекендерінде қалдыру керектігін түсіндірмек болған әрекетіміз нәтижесіз болды деп хабарлайды. Жайылымдардың тарлығынан рулар арасында қақтығыстар туу қаупі бар екендігін ескертеді. Бұқтырманың ар жағынан келген бір мыңға жуық қазақтың жағдайы тым ауыр. Сондықтан Пекиндегі орыс елшісі арқылы Батыс Сібір генерал губернаторымен байланысып, бұл мәселенің шешу керек деген ұсыныс жасайды (ҚРОМА).

Осы хабарды ала салысымен Пекин үкіметі 27 қыркүйекте орыс елшісі Влангалимен байланысып, жағдаймен таныстырады және шекара белгілері нақты қойылғанға дейін жергілікті халықты орнына қозғамау туралы өтініш білдіреді. Бұл мәселеге ерекше мән берілуінің тағы бір себебі бар еді. Ол сол кезде Батыс Қытайда орын алған халық көтерілістеріне байланысты болатын. Көтеріліс салдарынан мыңдаған адам босқыншылыққа

ұшырап отырған кезде, қазақтарды өз мекендерінен күштеп қуып шығу шекарадағы ауыр жағдайды сөзсіз одан әрі шиеленістіріп жіберетін еді. Дәл осы кезде өз мекендерінен қуылып шығарылған қазақтардың жағдайының тым ауыр болғаны айтпаса да түсінікті. Қалыптасқан жағдаймен таныса келе, оны одан әрі ушықтырып алмас үшін Семей губернаторының 1867 ж. 14 қаңтарындағы шешімімен аталған қазақтардың өз қонысына «уақытша» қайтып келуіне рұқсат беріледі. Қазақтар арасына арнайы жіберілген Көкпекті приказының тілмашы Черкашин, олардан бұл жерлерге тек уақытша ғана орналастырылғандығы туралы қолхат алады (ҚРОМА).

Сонымен бұл жолы қазақтар өз жерлерін сақтап қалуға мүмкіндік алады. Алайда, көп уақыт өтпей-ақ жер тартып алу үрдісі қайтадан жалғасып, ұзақ уақытқа созылды. Әсіресе, Бұқтырманың оң жағалауының Кабинет меншігіне берілуі жағдайды одан әрі ауырлатып жіберді. Алтай Тау-кен Басқармасының жер мәселесі жөніндегі көзқарасы өте қатал еді. Алтай округі құрылғаннан бастап, оның аумағы үздіксіз кеңейтіліп отырды. Ресей заңдарына сәйкес пайдалы кен қорлары табылған жерлердің бәрі Алтай Тау-кен округінің (кабинет меншігіндегі) меншігі болып табылды. Бұл үрдіс XIX ғ. бірінші жартысынан бастап-ақ жүзеге асырылғанымен, алғашқы кезде Бұқтырма қазақтарына әсері ондай қатты емес еді. Ғасырдың орта шеніне қарай жағдай күрт өзгеріп кетті.

Ал бұл кезде Бұқтырма алқабын орыстардың отарлауы одан әрі күшейіп, соның салдарынан жергілікті халық пен келімсектер арасындағы қарым-қатынас күннен күнге ушыға бастайды. Оған қазақтардың әр түрлі билік органдарына жіберілген шағым хаттары айғақ бола алады.

1866 жылы, негізінен, Том губерниясынан, сонымен қатар, Ресейдің ішкі губернияларын шыққан алғашқы орыс шаруалары Бұқтырманың сол сағасы болып табылатын Терісбұлақ өзені бойында қазақтардың шабындықтарын шауып, егістік жерлерді жыртып, омарталарын қойып, үй-жайларын сала бастайды. Осыған байланысты Қаратай елінің билері мен құрметті қазақтары Ергенекті-Найман болысының сұлтаны Майлыхан Нуралыұлына арнайы шағым хат түсіреді. Өз шағымдарында олар арғы аталарының төрт буынынан бері Бұқтырманың жоғарғы ағысынан Шыңғыстай сайына дейінгі жерлерде қыстаулары, Шабанбай тауларында жайлаулары боғандығын атап өтеді. Осы уақытқа дейін не орыс, не қытай тарапынан еш қысым болмай, олардың бұл жерлерге таласы жоқ боған болса, ендігі жерде жағдайларының қиындап кетуі орыстардың еш ескертусіз қазақ жерлеріне емін-еркін қоныстанып, үйлерін сала бастауымен байланыстырады (ҚРОМА).

Орыс қоныстанушылары алғашқы кезден өздерін осы жерлердің толық қожайыны сияқты әрекет ете бастайды. Олар қазақтардың үйін өртеп, Қаратау сайындағы бірнеше қыстауларын жойып жібереді. Орыс шаруаларының қарулы қысымына шыдамаған Белқарағай мен Күлмес мерген сайларын мекендеген 500-ге жуық қазақ отбасы Қытай иелігіндегі Үкөк үстіртіне кетуге мәжбүр болады (ҚРОМА).

Таулы Алтайдың Шүй алқабына келіп орналасқан қазақтар туралы алғашқы деректерді белгілі ғалым В.В. Радлов еңбектерінен кездестіреміз. 1870 ж. Шүй даласына саяхаты кезінде жазылған күнделігінде Бұқтырма қазақтарының бір бөлігі – Қаратайлар – Ресей бодандығын қабылдап, Шүй алқабына орналасты, ал екінші бөлігі – Самайлар – Қытай ауып кетті деген мағлұмат береді (Самойлович, 1930, б.304). Дегенмен, бұл жерлерге қазақтардың түпкілікті орнығуы сәл кейінірек болғанын атап өткен жөн.

Жер қысымына ұшыраған қазақтардың бір бөлігі 1867 ж. 30 сәуірінде Семей губернаторының кеңсесіне кезекті шағымын жібереді. Қаратай руларының басшылары өз шағым хатында Бас қарауыл мен Тереңшат шатқалдарынан Шыңғыстай мен Өрелге дейінгі жерлер 100 жылдан астам өздерінің ата қонысы болып келгенін, орыс келімсектерінің басбұзар әрекеттері нәтижесінде қыстауларынан айрылып, жайылымдарының өртеліп жатқанынан хабардар етіп, көмек сұрайды. Орыс шаруалары кетпесе, қазақтар үлкен апатқа ұшырайды деп ескерту жасайды (ҚРОМА) Алайда билік тарапынан еш көмек ала алмаған 1 500 қазақ түтіні ақыры өз жерлерін тастап кетуге мәжбүр болады.

1867 жылдың 1 мамырында Ергенекті болысының Боғай-Бура руының өкілі Қашқымбай Ұрысбаев Семей губернаторына жазған шағымында келімсектер тарапынан орын алған тағы бір оқиғаны баяндап береді. Аталмыш рудың басым бөлігінің орыс бодандығын қабылдағанына қарамастан, Нарым өзені бойындағы өз атамекендерін қоныс аударып келген орыс шаруалары сұраусыз тартып алып жатқанына шағымданып, көмек сұрайды (КРОМА). Дегенмен осы аймақты мекендеген қазақтардың жаппай өз жерлерін тастап, қоныс аударып кетуге мәжбүр болуы сол кездегі орыс әкімшілік органдарының қазақтардың шағымдарына жауабының қандай болғанына дәлел бола алады. Мысалы, осы кездегі орыс баспасөз беттерінде 500 қазақ түтіні Үкөк арқылы Шүй алқабына кеткен болса, 1 500 қаратайлық отбасының Қытайға қоныс аударып, қалған 3 000 жуық қаратайлық түтіннің де қоныс аударуға жайындалып жатқандығы туралы мәлімет берілген болатын. Олардан тартып алынған жерлерде келімсектердің Медведка және Таловка деген деревнялары пайда болады (Шмурло, 1995, б.28).

Барлық жағдайда жергілікті халық қарсылық көрсетуге дәрменсіз болды, әкімшілік тарапынан көмек күткен үміттері ақталмады. Қазақтардың өкімет орындарына жіберілген хат-шағымдары көп уақытқа дейін аяқсыз қалдырылып отырылды. Оның кейбір объективті себептері де болды: жердің шалғайлығы, байланыстың нашарлығы және жер жағдайын білмеу. Мысалы, 1866 ж. 1 қыркүйегінде өз жерлерінің тартылып алынып жатқандығы туралы шағым жазса, ол хат Семей губернаторының қолына тек 1867 ж. мамыр айының аяғында ғана түседі. Бұдан соң губернатор мен Алтай Тау-кен Басқармасы арасында осы мәселе жөнінде ұзаққа созылған пікір алмасу басталады. Шағым хаттың жазылғанына бір жылдай уақыт өткеннен кейін барып екі жақ бір-біріне «хатта аталған жерлер шамамен қай жерлерде орналасқан» деген сауалдар қояды (Айдарбаева, 2009). Әрине, осындай жағдайда қазақтардың жер мәселесінің дер кезінде шешілуі мүмкін емес еді. Ал бұл уақытта орыс қоныстанушылары болса тартып алған жерлеріне үй-жай салып, табан тіреп орнығып жатқан болатын. Осыдан кейін ғана арнайы құжаттар пайда болып, онда орыс қоныстанушы шаруалардың қазақтардың жерлерін тартып алуын мойындалады. Алайда, орыс шаруалары ол жерлерге үй-жай салып, егін егіп тастағандықтан оларды қуа алмаймыз, сондықтан қазақтарға басқа жерлерден жер беру мәселесін қарастыру қажеттігі туралы жазады.

Сонымен, Бұқтырма алқабын орыстардың отарлауы жергілікті қазақтар арасында көші-қон үрдісінің басталуына себеп болып, жерінен айрылған қазақтарды көршілес Қытай мен Таулы Алтай аумақтарына қоныс аударуға мәжбүрледі.

XIX ғасырдың 70-жылдары Таулы Алтайдың Үкөк, Шат, Жазатыр, Қалғұты шатқалдарын ұрынқайлар мекендеп, қоныс аударып келген қазақтар оларға салық төлеп тұрған еді. Мысалы, алғашқы жылы олар 60 жылқы тарту еткен болатын (ШҚОМА) Жылдар өте келе бұл аймаққа қоныстана бастаған қазақтардың саны бірте-бірте көбейіп, олар ұрынқайларды ығыстыра бастайды. Ал 3-4 жыл өткен соң, Қытай мен Ресей арасындағы шекара сызығының айқындалуына байланысты ұрынқайлар бұл жерлерді біржолата тастап, Қызыл кезең (Уландаба) асуы арқылы Монғолия жеріне ауып кетеді. Осы кезден бастап бұл аумақ толықтай Семей облысына бекітілген қазақтардың қарамағына өтеді.

1864 жылғы Шәуешек келісімі бойынша Ресей мен Қытай арасында жаңа шекара шебі пайда болып, 64 000 жаннан тұратын көшпелі халық орналасқан 25 960 шаршы шақырымды құрайтын жер орыс иелігіне өткен болатын. Бұл Бұқтырма және Күршім өзендерінің алқабы, Зайсан көлінен Тарбағатай жотасына дейінгі жерлерді құрады. Жаңа жерлердің қосылуы өз кезегінде сөзсіз мемлекеттік шекараны стратегиялық күшейту қажеттілігін туғызды. Нәтижесінде олар жаңа шекара белдеуін Сібірде жасалғандай жаңа елді мекендердің құрылымымен нақты бекітуге кірісті. Осы шешімнің қазақтар өміріне тағы да бір өзгеріс әкелгенін айта кету керек. Мемлекеттік шекараны нығайту ниетімен Ресей енді Бұқтырма алқабына казак-орыстарды қоныстандыра бастайды. Жеменей және Бұқтырма өзендері бойында Сібір казак әскерлерінің қоныстары пайда болады. Қоныс аударып келген казактарға өз қалауы бойынша жер таңдау құқығы беріледі. Сонымен қатар, казактар қоныстанған жердің бір бөлігі оларға «жеке меншікке, мәңгілікке, мұраға берілетін» болды (Крафт, 1898, б. 346).

Сонымен, Бұқтырма қазақтары екі оттың арасында қалды деуге болады. Бір жағынан Алтай Тау-кен Басқармасы оларды оң жағалаудан қуа бастаса, сол жағалаудағы жерлерді тартып алып қазақтарға бере бастады. Ресей әкімшілік органдары мен қазақтар арасындағы осы жер үшін күресте алғашқылары үкіметтің арнайы шығарылған заңдарына сүйенсе, қазақтар өздерінің бұл жерлерде бұрыннан тұратындарын алға тартқан. Өздерінің шағымдарында «ата-бабаларымыз тұрған жерді бізден тартып алу туралы заңдарды қалай шығаруға болады» деп жазады.

Орыс қоныстанушыларының санының артуына байланысты олармен қазақтар арасындағы қақтығыстар жиілей түсті. Осыған байланысты 1873 жылы Том губернаторы Батыс Сібір генерал-губернаторы Хрущевке Кабинет жері саналатын Бұқтырманың оң жағалауынан барлық қазақтардың қоныстарын екінші жағалауға ауыстыру туралы шешім қабылдау туралы өтініш білдіреді. Бұл жерде отаршыл билік өкілдері арасында ауызбіршіліктің болмағанын атап өткен жөн. Жергілікті халықтың жағдайымен етене таныс Семей әскери губернаторы бұл шараға үзілді-кесілді қарсы шығады. Оның пікірінше, бұл шара ертеден осы жерлерді мекендеп келген қазақтарды ең шұрайлы жайылымдарынан айырып, 600 жуық қазақ түтіндерін жер қысымына түсуге мәжбүрлеуі мүмкін еді. Іс жүзінде солай болды да, жерінен айрылған қазақтардың бір бөлігі 1878 жылы Қытай иеліктеріндегі жерлерге кетуге мәжбүр болады. Негізінен олар Өскемен уезіне қарасты Шыңғыстай және Алтай болыстарының қазақтары болатын. Алайда оларды Қытайда ешкім құшақ жайып қарсы алған жоқ, керісінше Ресейдегі өмір сүру жағдайларынан ауыр жағдайға тап болды.

1878 ж. Зайсаннан Тибетке аттанған белгілі орыс саяхатшысы Н.М. Пржевальский жолай Қытай аумағына қоныс аударған қазақтардың ауылына кез болып, олардың аса ауыр жағдайын сипаттап береді. Уруңғы өзені бойын қыстаған қазақтар аса ірі жұтқа тап болып, бүкіл малынан айрылады. Н.М. Пржевальский өз жазбаларында өзен бойында бірде бір қылтан шөп көре алмадық. Жұтқа ұшыраған қазақтар тіпті талдарды қиып, ағаштарды отап, соның қабығын малдарына азық ретінде қолданып, оларды аман алып қалуға тырысыпты. Алайда олардың бұл әрекеттері сәтсіз болған сияқты. Бүкіл Уруңғы өзені алқабында қазақтардың малының мыңдаған өлекселері тау төбе болып үйіліп жатыр деген деректер келтіреді (Пржевальский, 1948, б. 32-33).

Қытай жерінде осындай ауыртпалықтарды бастан кешкен қазақтардың бір бөлігі кері, Ресей иеліктеріне айналған жерлеріне қайтуға мәжбүр болады. Дегенмен олардың жағдайы өзгере қойған жоқ. Кезінде мыңдаған қазақ отбасының емін-еркін көшіп-қонуы мүмкін болған Бұқтырма алқабының басым бөлігі орыс келімсектерінің қолына өтіп кетуі салдарынан, 1 000-ға жуық қазақ түтіні жайылым тапшылығына тап болды. Өзен бойындағы ең шұрайлы деген жерлерді меншіктеп алған олар, қазақтарды таулы-тастақты, мал жайылымына қолайсыз жерлерге ығыстырып шығарды.

1882 ж. бастап қазақтар мен Алтай Тау-кен Басқармасы арасындағы қарым-қатынаста өзгерістер орын ала бастайды. Соңғы жылдардың ащы тәжірибесі оларды оң жағалаудағы қоныстарына мұрагерлік құқықтарынан бас тартуға мәжбүрлейді. Ендігі жерде қазақтар өз жерлерінің Кабинет меншігіне өтіп кетуімен келісуге мәжбүр болады. Олар тіпті өз жайылымдары үшін ақы төлеп тұруға да келісіп, тек сол жерлерді пайдалануға кедергі келтірмеу туралы өтініштерін білдіреді (Шмурло, 1995, б. 36).

Осыған сәйкес 1883 жылдың 20 мамырында Семей облысының әскери губернаторы Колпаковский ішкі істер министрінің атына жіберілген баяндамасында қазақтарға Бұқтырманың оң жағалауындағы Шабанбай жайлауын пайдалануға рұқсат беруін сұрайды. Шабанбай – солтүстігінде Катун өзенімен, шығысында Белгеттаумен, батысында Салқынтаумен, ал оңтүстігінде Фыкалка, Чернова, Березовка атты орыс деревняларымен шектелген ауқымды кеңістік. Қазақтың 1000 түтіні жыл сайын Кабинетке 1000 сом ақы төлеу арқылы осы жерлерді пайдалануға рұқсат алды. Сол жағалауда орналасқан өз қыстауларынан Шабанбай жайлауына көшу үшін екіарада орналасқан орыс деревнялары жерінен негізгі үш соқпақ жол белгіленді. Қабылданған шешімге қарамастан орыс шаруалары қазақтардың көшу жолдарына көптеген кедергілер келтіріп бақты. Белгіленген соқпақ жолдарға алдын-ала

қасақана егіндерін егіп тастап, «егістіктерімізді таптады» деген сылтаумен қазақтарға қоқан-лоққы жасап, малдарын тартып алып, өздерін соққыға жығып, қорлық көрсетіп отырды.

Ал Қытай аумағында қалған қазақтарға келетін болсақ, олардың бір бөлігі кейін қайтып оралса, енді бір бөлігі Үкөк, Жазатыр, Жұмалы, Аюлы арқылы қазіргі Таулы Алтайдың Қосағаш ауданы жеріне өтіп кетеді. Сол жерлерді төлеңгіт зайсандарына тарту-таралғы жасау арқылы Шүй алқабында көшіп-қонып жүруге мүмкіндік алады.

1893 жылы қытай бодандығында болған Сарғалдақ руының басшысы Абдулла Келтеке өз қоластындағы халқымен бірге Ресей империясы аумағына өтіп, орыс бодандығын қабылдауға ниет білдіріп, өздерін Би округінің құрамындағы Қосағаш шатқалына орналастыруға өтініш білдіреді (ҚРОМА).

Бұл қазақтардың шығу тегін анықтау үшін жүргізілген полициялық алдын-ала тергеу нәтижесінде олардың осыдан 35 жыл бұрын Қытай жеріне ауып кетіп, енді олардың жалпы саны 100 түтіннің кері оралғандықтары дәлелденді. Олармен бірге көршілес тағы да 100-ге жуық қазақ түтіні көшіп жүргені анықталады. Олар Семей облысына қарасты Шыңғыстай болысының аумағынан көшіп келген қазақтар еді. Екі жағдайда да олардың өз мекендерін тастап ауа көшуінің себебі ортақ болатын, ол – Бұқтырма алқабының отарлануының салдары еді.

Тау-кен Басқармасы Шыңғыстай болысынан ауып келген 100 қазақ отбасын Бұқтырманың оң жағалауындағы жерлерден кетуге мәжбүрлеудің барлық амалын жасап бақты. Бұл қысымға шыдамаған қазақтар Семей губернаторына өздерін Том губерниясының Би округі қарамағына беруді сұрап өтініш білдіреді. Тек осылай ғана олар өздерінің қоныстарын сақтап қала алатын еді.

Бұл шешім, әрине, төлеңгіт ру басшыларына ұнай қоймады. Дәл осы кезде Би округінің 1 және 2 Шүй болыстарының ру старшындары Дала генерал-губернаторына хат жазып, онда өз жерлерінде көшіп жүрген Шыңғыстай болысының қазақтарын кері қайтару қажеттігін дәлелдеуге тырысты. Өз хаттарында олар «қазақтар бізге жайсыз жағдайлар тудырып тұр. Олар біздің керуендерімізді тонап, жиі-жиі барымта жасап тұрады. Шүй қалмақтарының аң аулауы мен балқарағай жинауына кедергі келтіріп отыр» деген сылтауларды алға тартты (ҚРОМА). Шын мәнінде, бұл өтініштердің себебі басқа еді. Олар ұзақ жылдар бойы қазақтардан өз жерлерінде көшіп-қонып жүруі үшін тарту-таралғы алып отырған. Қазақтардың Би округі қарамағына өтуіне байланысты оларды ресми түрде жерге орналастыру қажеттігі туындап, ендігі жерде төлеңгіт зайсандары жер жалдау ақысын алу құқығынан айырылатын еді.

Қазақтардың жерге орналастыру туралы өтініштері ұзақ уақыт қанағаттандырылмай келді. Осыны пайдаланып төлеңгіт зайсандары қазақтарға қысым көрсетіп, оларды бопсалап, тарту-таралғыларын алып отырды. 1905 жылдан 1914 жылға дейін төлеңгіттердің сайланған болыстық старшинасы өз атынан бейресми түрде қазақтардың старшинасы ретінде Ақы Бұйдақановты тағайындап қойған болатын. 1908 жылы қазақтардың өтінішімен келген Том губернаторы қазақтар мен төлеңгіттердің жер пайдалануына нұсқау береді, ол бойынша қазақтар Шүй өзенінің сол жағалауын, төлеңгіттер оң жағалауын пайдалану белгіленді (Самойлович, 1930: 304). 1908 жылы Алтайға сапарында белгілі саяхатшы В.И. Верещагин өз жазбаларында Көксу мен Ақ-Алаха арасындағы кең алқапты қазақтар мекендейді, сонымен қатар олар Қарадумыш өзенінен Тархытыға дейінгі жерлерді, Жасатыр, Арыгем, Тарбаған өзендерінің бойын да пайдаланып келгендігі туралы мәлімет береді.

Таулы Алтайды мекендеген қазақтардың саны туралы мәліметтерді С.П. Швецовтың шығармаларынан кездестіруге болады. 1900 жылы жарық көрген «Би уезінің көшпенділері» атты еңбегінде 1897 жылғы Бүкілресейлік халық санағының деректеріне сүйене отырып, Шүй ауданында 129 қазақ шаруашылығы тіркелгенін, олар 279 ер және 280 әйел адамнан, яғни барлығы 559 адамнан тұратынын мәлімдейді.

Шүй ауданынан басқа қазақтар Тюдралы, Қара Ануй, Сарасы елді мекендерінде де мекен еткен болатын. Бұл жерлерде негізінен шоқынған қазақтар мекендеді. Алғашқы орыс қоныстанушыларымен қатар Алтайға христиан миссионерлері де келіп, алтайлықтардың

жерлерінің қақ ортасына өз қоныстарын орната бастады. Егер де өзіне ұнаған қандай да алқапта миссионер крест қоятын болса, алтайлықтарға осы крестің айналасынан бес шақырым жерге жақындауға тыйым салынды. Осылайша ең құнарлы Алтай жерлерін отарлауға миссионерлер өз үлесін қосып отырды.

Тюдралы елді мекені шамамен 1885 жылы пайда болды. Швецовтың мәлімдеуінше, Чарыш өзенінің сол жағалауында миссионерлік елді мекен орналасқан. Бұл жерде «жаңадан шоқынған» алтайлықтар және қазақтармен қатар, орыс шаруалары, мешандар, т.б. мекендеген болатын. XIX ғасыр соңына қарай Семей және Өскемен уездерінен келіп қоныстанып, шоқындырылған қазақтар 26 үйді құрады (Швецов, 1900, б. 206-207). 1897 жылғы Бүкілресейлік халық санағының деректеріне сай Тюдралыда 662 тұрғын болса, оның 387-і алтайлықтар мен қазақтар болды.

Келесі елді мекен Қара Ануй өзені бойында орналасты. Бастапқыда бұл жерде шоқынған алтайлықтар ғана мекендеген болса, уақыт өте келе Семей облысының қазақтары де келіп орналасып, христиан дінін қабылдай бастайды. 1897 жылғы санақ деректеріне сәйкес Қара Ануй елді мекенінде 252 шаруашылық тіркелген болса, оның 139-і орыс шаруалары, 105-і қазақ шаруашылықтары және 8 алтайлықтардың шаруашылықтары құрады.

Жердің тарылуы қазақтардың өз ішінде де әртүрлі дау-дамай туғызады. Рулар мен ауылдар арасында жер үшін талас күшейеді. Ел ішіндегі би-болыстардың қысымына шыдай алмаған әлсіз рулардың өкілдерінің бір бөлігі Би округінің Оймон, Көксу деген жерлеріне орыс тұрғындарының арасына кетеді. Жаңа жерлерде де олардың жағдайы оңала қоймады. Бұр жағдайды жергілікті әкімшілік орындар, православиелік миссионерлер жақсы түсініп, өз мүдделеріне пайдаланды. Көшіп келген қазақтарға православие дініне өткен жағдайда ғана жаңа жерлерде қоныстануға рұқсат беретіндігін хабарлап, болмаса кері қайтуға талап етеді. «Қазақтарды шоқындыру үшін оларға кейбір жеңілдіктер жасауымыз керек. Мысалы, оларға жер бөліп беріп, ақшалай көмек көрсеткеніміз жөн» деп санайды (ҚРОМА)

Бұл қазақтардың алдында дилемма пайда болды: христиан дінін қабылдау арқылы жер телімдеріне ие болу немесе одан бас тартып, кері елге қайту. Христиан дінін қабылдағаннан кейін олар өздерінің жер және басқа да мәселелерін қиындықсыз шешуге мүмкіндік алды. Ал кері елге қайтқанда оларды еш жақсылық күтіп тұрмағандығы белгілі еді. Әрине, қазақтардың христиан дінін қабылдауы, ең алдымен, Алтай миссионерлік миссиясының үгіт - насихат жұмысының нәтижесі. Дала генерал-губернаторы Г.А. Колпаковский 1887-1888 жж. есебінде қазақтардың арасында әлеуметтік жіктелу тым шұғыл жүріп жатқаны туралы мәлімдей келе, кедейленген қазақ шаруалары күнкөріс үшін орыс елді мекендеріне барып, жалданып жұмыс істеуге мәжбүр болуда деп көрсетеді. Оның пікірінше, қазақтардың осы санатына православиелік шіркеу тарапынан қолдау көрсететілетін болса, жақын арада олардың арасына христиан дінін таратуға мүмкіндік артатын болады (Традиционное казахское общество, 2014, б. 305). Осылайша Бұқтырма қазақтарының бір бөлігі жан сақтау үшін шоқынуды мәжбүр болған.

Миссионерлер алтайлықтар мен шоқынған қазақтарға арнап миссионерлік мектептер аша бастайды. Діни білім берудің басты мақсаты православие дұғаларына үйрету, шіркеулік салт-дәстүрмен таныстыру болатын. Жергілікті халықтың сауатын ашып, жазу-сызуға үйрету тек басты мақсатқа жетудің құралы ретінде ғана қарастырылды. Швецовтың деректері бойынша, қазақтардың арасында сауаттылық деңгейі тым төмен болған, яғни 1000 қазақтың тек 25-і ғана сауатты саналған (Швецов, 1900, б.49). Таулы Алтайда сауаттылықтың таралу көзі православие шіркеуінің қаражаты есебінен қамтылған мектептер болды. Әрине, осындай жағдайда білім алу мүмкіндігі тек шоқынған қазақтарда ғана болғанын атап өту қажет.

Шоқындыру рәсімінен өткендердің православие дінін қабылдағанына қарамастан, олардың көпшілігі өздерін іс жүзінде мұсылман санай берді. Олар ата-баба салтынан, мұсылмандықтан бас тартуға болмайтынын іштей түсінді. Бірақ христиан болғаннан кейін олар екі жақты өмір сүруге мәжбүр болды, бұл оларды қатты қысымға ұшыратты (Садвакасова, 2020, б.407).

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақтардың тарихы Алтаймен тығыз байланысты. Әр кезеңде бұл аумақты тарихы, мәдениеті, тілі ортақ тайпалар мен халықтар мекендеп келді. Ғалымдар түркітілдес халықтардың дамуының әртүрлі кезеңдеріндегі этномәдени байланыстарын зерттей отырып, ұлттық ерекшеліктермен қатар күнделікті тұрмыста, тіл мен мәдениетте, бүгінгі күні де байқалып келе жатқан сол қауымдастық белгілерінің терең тарихи тамырларының нақты бар екендігін дәлелдейді. Ұзақ уақыт бойы қазақтардың тарихы көршілес халықтардың, соның ішінде сібір түркілерінің тарихи тағдырынан тыс қарастырылып келді. Сонымен қатар, оларды бір-біріне қарсы қойып, экономикалық және мәдени байланыстардың алуан түрлілігі Ресеймен қарым-қатынас шегінде ғана жасанды түрде шектеліп келді. Әр түрлі этнографиялық, археологиялық және фольклорлық деректерді салыстыра отырып, қазақтардың Алтаймен байланысы ұзақ уақыт үзілмегеніне көз жеткіземіз.

Ресейдің отарлау саясаты қазақ даласына көптеген қиыншылықтар алып келгені шындық. Қазақтың өз жерінен айрылуы оның дәстүрлі шаруашылығына кері әсерін тигізді. Бұқтырма қазақтары үшжақты қыспақта қалды: бір жағынан оларды өз мекендерінен Алтай Тау-кен басқармасы қудалап отырған болса, екінші жағынан орыс қоныстанушылары ең шұрайлы жерлерін тартып алып, орныға бастады. Сонымен қатар, орыс казак әскерлерінің қажеттіліктері үшін қазақ жерлері тартып алына бастады. Осылайша, Бұқтырма алқабын отарлау саясаты нәтижесінде жүздеген қазақ түтіндері өз ата қоныстарынан айрылып, жат жер, бөтен елге қоныс аударуға мәжбүр болды. Қандай да болмасын қоныс аударудың аса ауыр үрдіс екендігі белгілі. Бұл үрдіс халықтың басым бөлігінің кедейленіп, шаруашылығының күйреуінің басты себептерінің бірі болды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- Абрамзон С. М. (1990). *Киргизы и их этногенетические и историко-культурные связи*. Фрунзе: Кыргызстан // Abramzon, S. M. (1990). *Kirgizy i ikh etnogeneticheskie i istoriko-kul'turnye svyazi*. Frunze: Kyrgyzstan.
- Айдарбаева Р. К. (2009). *Казахи Алтайского края России* // Aidarbayeva, R. K. (2009). *Kazakhi Altaiskogo kraia Rossii*.
- Андреев И. Г. (2007). *Описание Средней Орды киргиз-кайсаков*. <https://e-lib.dulaty.kz/elib/document/130576> // Andreev, I. G. (2007). *Opisanie Srednei Ordy kirgiz-kaisakov* <https://e-lib.dulaty.kz/elib/document/130576/>
- Алексеев Н. В. (1966). *К вопросу о торговых связях сибирских крестьян и казаков с казахами в XVIII – первой половине XIX вв.* // Alekseenko, N. V. (1966). *K voprosu o torgovykh svyazyakh sibirskikh krest'yan i kazakov s kazakhami v XVIII – pervoi polovine XIX vv.*
- Анисимова И. В. (2004). *История формирования казахской диаспоры Алтайского (горного) округа (вторая половина XVIII – начало XX вв.) [Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата исторических наук]*. Барнаул // Anisimova, I. V. (2004). *Istoriya formirovaniya kazakhskoi diaspori Altaiskogo (gornogo) okruga (vtoraya polovina XVIII – nachalo XX vv.)*
- Бабков Ф. (1912). *Воспоминания о моей службе в Западной Сибири 1856–1857 гг.* // Babkov, F. (1912). *Vospominaniya o moei sluzhbe v Zapadnoi Sibiri 1856–1857 gg.*
- Бахрушин С. В. (1955). *Очерки истории колонизации Сибири XVI–XVIII вв.* // Bakhrushin, S. V. (1955). *Ocherki istorii kolonizatsii Sibiri XVI–XVIII vv.*
- Крафт И. Н. (1898). *Сборник узаконений о киргизах степных областей* // Kraft, I. N. (1898). *Sbornik uzakonenii o kirgizakh stepnykh oblastei*.
- Коновалов А. В. (1986). *Казахи Южного Алтая* // Kononov, A. V. (1986). *Kazakhi Yuzhnogo Altaya*.
- Лысенко Ю. А. (2016). *Миссионеры Киргизской православной миссии о степени исламизации казахского общества на рубеже XIX–XX вв. Улкен Алтай әлемі – Мир Большого Алтая – World of Great Altay, 2(1.1), 44–55* // Lysenko, Y. A. (2016) // *Missionery Kirgizskoi pravoslavnoi*

missii o stepeni islamizatsii kazakhskogo obshchestva na rubezhe XIX–XX vv. *Ylken Altaj әlemi – Mir Bol'shogo Altaja – World of Great Altay*, 2(1.1), 44–55

- Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по обследованию степных областей под руководством Ф. Щербины. Т. 4. Павлодарский уезд. СПб., 1905; Т. 9. Усть-Каменогорский уезд. СПб., 1905; Т. 10. Семипалатинский уезд. СПб., 1905 // Materialy po kirgizskomu zemlepol'zovaniyu, sobrannye i razrabotannye ekspeditsiei po obsledovaniyu stepnykh oblastei pod rukovodstvom F. Shcherbiny. (1905). Vol. 4: Pavlodarskii uезд [Pavlodar District]; Vol. 9: Ust'-Kamenogorskii uезд.
- Мендикулова Г. М. (2006). *Казахская диаспора: история и современность* // Mendikulova, G. M. (2006). *Kazakhskaya diaspora: istoriya i sovremennost'*.
- Муқанов М. С. (1974). *Этнический состав и расселение казахов Среднего жуза* // Mukanov, M. S. (1974). *Etnicheskii sostav i rasselenie kazakhov Srednego*.
- Муқанов М. С. (1991). *Этническая территория казахов в XVIII – начале XIX вв.* // Mukanov, M. S. (1991). *Etnicheskaya territoriya kazakhov v XVIII – nachale XIX vv.*
- Народы Сибири. *Этнографические очерки*. (1956) // Narody Sibiri. *Etnograficheskie ocherki*. (1956)
- Октябрьская И. В. (2004). Казахи Алтая: этнополитические и социокультурные процессы в пограничных районах Южной Сибири XIX–XX вв. [Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора исторических наук]. Новосибирск // Oktyabrskaya, I. V. (2004). *Kazakhi Altaya: etnopoliticheskie i sotsiokul'turnye protsessy v pogranichnykh raionakh Yuzhnoi Sibiri XIX–XX vv. [Avtoreferat dissertatsii na soiskanie uchenoj stepeni doktora istoricheskikh nauk]*. Novosibirsk
- Пищулина К.А. (1994). Территория // Қазақ, сс. 47—65 // Pishchulina K.A. (1994). The territory // Qazaq, pp. 47—65.
- Потапов Л. П. (1949). *Особенности материальной культуры казахов, обусловленные кочевым образом жизни*. В: Сборник Музея антропологии и этнографии (Т. 12). М.—Л.: Изд-во АН СССР // Potapov, L. P. (1949). *Osobennosti material'noi kul'tury kazakhov, obuslovlennye kochevym obrazom zhizni* Moskva–Leningrad: Academya nauk SSSR.
- Потапов Л. П. (1969). *Этнический состав и происхождение алтайцев*. Историко-этнографический очерк // Potapov, L. P. (1969). *Etnicheskii sostav i proiskhozhdenie altaitsev. Istoriko-etnograficheskii ocherk*.
- Пржевальский Н. М. (1948). *Из Зайсана через Хами и Тибет* // Przhevalskii, N. M. (1948). *Iz Zaisana cherez Khami i Tibet*.
- Реальность. (1990, 30 июня). *Казахстанская правда* // Real'nost'. (1990, June 30). *Kazakhstanskaya pravda*.
- Руденко С. И. (1953). *Культура населения Горного Алтая в скифское время* // Rudenko, S. I. (1953). *Kul'tura naseleniya Gornogo Altaya v skifskoe vremya*.
- Садвокасова З. Т. (2020). *Православная проповедь среди казахов (XIX – начало XX веков)*. Edu.e-history.kz, 4(24) // Sadvokasova, Z. T. (2020). *Pravoslavnaya propoved' sredi kazakhov (XIX – nachalo XX vekov)*.
- Самойлович А. Н. (1930). *Казаки Кош-Агачского аймака*. С. 303–327 // Samoilovich, A. N. (1930). *Kazaki Kosh-Agachskogo aimaka*. S. 303–327
- Седельников Т. (1907). *Борьба за землю в Киргизской степи* // Sedelnikov, T. (1907). *Bor'ba za zemlyu v Kirgizskoi stepi*.
- Томилов Н. А. (1992). *Этническая история тюркоязычного населения Западно-Сибирской равнины в конце XVI – начале XX вв.* // Tomilov, N. A. (1992). *Etnicheskaya istoriya tyurkoazychnogo naseleniya Zapadno-Sibirskoi ravniny v kontse XVI – nachale XX vv.*
- Традиционное казахское общество в национальной политике Российской империи: концептуальные основы и механизмы реализации (XIX – начало XX в.). *Документы и извлечения*. (2014) // Traditsionnoe kazakhskoe obshchestvo v natsional'noi politike Rossiiskoi imperii: kontseptual'nye osnovy i mekhanizmy realizatsii (XIX – nachalo XX v.). *Dokumenty i izvlecheniya*. (2014).

- Швецов С. П. (1900). *Горный Алтай и его население*. Т. 1. Кочевники Бийского уезда // Shvetsov, S. P. (1900). *Gornyi Altai i ego naselenie*. Т. 1. Kochevniki Biiskogo uезда.
- Шмурло Е. (1995). *Русские и киргизы в долине Верхней Бухтармы*. // Царская колонизация в Казахстане (по материалам русской периодической печати XIX в.) // Shmurlo, E. (1995). *Russkie i kirgizy v doline Verkhnei Buhtarmy* // Carskaja kolonizacija v Kazahstane (po materialam russkoj periodicheskoj pečati XIX v.).
- Ядринцев Н. М. (1882). *Сибирь как колония* // Yadrintsev, N. M. (1882). *Sibir' kak koloniya*.
- Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (ҚРОМА). *Дала генерал-губернаторы кеңсесі*. Қор 64 // Qazaqstan Respublikasynyn Ortalyq memlekettik arkhivi (QROMA). *Dala general-gubernatory kensesi*. Qor 64.
- Семей облыстық басқармасы. *Қор 15* // Semei oblystyq basqarmasy. Qor 15.
- Шығыс Қазақстан облыстық архиві (ШҚОМА), Алтай бөлімшесі. Қор 6 // Shygys Qazaqstan oblystyq arkhivi, Altai bolimshesi. Qor 6.

Авторлар туралы мәліметтер

Айдарбаева Раушан Қайсақызы – тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен қ., Қазақстан, e-mail: raushan_aid@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4731-5363>

Джаксылыков Амантай Фрунзевич – аға оқытушы, Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті, Өскемен қ., Қазақстан, email: nueman@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-7792-3217>

Сведения об авторах

Айдарбаева Раушан Кайсановна – кандидат исторических наук, ассоциированный профессор, Восточно-Казахстанский университет им. С. Аманжолова, г.Усть-Каменогорск, Казахстан, e-mail: raushan_aid@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4731-5363>

Джаксылыков Амантай Фрунзевич – старший преподаватель, Восточно-Казахстанский технический университет им. Д. Серикбаева, г.Усть-Каменогорск, Казахстан, e-mail: nueman@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-7792-3217>

Information about the authors

Aidarbayeva Raushan Kaisanovna – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, S. Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan, e-mail: raushan_aid@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4731-5363>

Dzhaksylykov Amantai Frunzevich – Senior Lecturer, D. Serikbayev East Kazakhstan Technical University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan, e-mail: nueman@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-7792-3217>

ИСТОРИЯ И АРХЕОЛОГИЯ

Оригинальная статья/Түпнұсқа мақала/Research paper

DOI: https://doi.org/10.51885/3107-2755_SSADH_2026_2_14

MPHTI 03.09.31

Миронов Е.А., Эбель Е.М.  *

Горно-Алтайский государственный университет, г. Горно-Алтайск, Российская Федерация

Влияние «Военного артикула» Густава II Адольфа на российский «Артикул воинский» 1715 года

АННОТАЦИЯ. В статье проводится сравнительный анализ двух военно-правовых документов XVII-XVIII вв. – шведского «Военного артикула» 1621 г., составленного королем Густавом II Адольфом и дополненного в 1683 г. Карлом XI, и российского «Артикула воинского» 1715 г., созданного по инициативе Петра I. Автор исследует степень влияния шведского документа на содержание и структуру российского Артикула, выявляя как заимствованные элементы, так и оригинальные дополнения, отражающие специфику российской военной и правовой системы того времени. Особое внимание уделяется вопросам дисциплины, военной юрисдикции, определению воинских преступлений и наказаний, порядку судопроизводства. Через сопоставление отдельных статей демонстрируется, как Петр I адаптировал западноевропейские нормы к российским условиям, при этом сохранив ряд ключевых принципов, заложенных в шведском прототипе. Автор приходит к выводу, что российский Артикул во многом ориентирован на шведскую модель, но переработан с учетом национальных традиций, административных реалий и задач централизации власти. Подчеркивается также роль военных артикулов как инструментов формирования новой правовой культуры и утверждения абсолютистской модели управления, а также укрепления дисциплины, вертикали власти и легитимации государственного насилия в армии и обществе в целом. Статья представляет интерес для историков права, специалистов по истории армии и государственного управления России и Швеции, а также для исследователей трансфера правовых норм между европейскими государствами в эпоху Нового времени. Кроме того, она может быть полезна в рамках сравнительных правовых исследований, изучения процессов модернизации законодательства и формирования институциональной базы централизованных государств в эпоху раннего Нового времени.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: Густав II Адольф, Петр I, Карл XI, военный артикул, устав.**КОНФЛИКТ ИНТЕРЕСОВ:** Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов.**ФИНАНСИРОВАНИЕ И БЛАГОДАРНОСТИ:** Исследование не имело спонсорской поддержки (собственные ресурсы).

ДЛЯ ЦИТИРОВАНИЯ: Миронов, Е.А., Эбель, Е.М. (2026). Влияние «Военного артикула» Густава II Адольфа на российский «Артикул воинский» 1715 года. *Social Sciences & Digital Humanities*, 2(2), 224-238. https://doi.org/10.51885/3107-2755_SSADH_2026_2_14

История статьи:

Получено: 03.03.2026

Принято: 26.05.2026

Опубликовано: 30.06.2026

* Автор-корреспондент: Эбель Елизавета Михайловна, e-mail: chedurova@mail.ru

Миронов Е.А., Эбель Е.М. 

Горно-Алтайск мемлекеттік университеті, Горно-Алтайск, Ресей Федерациясы

Густав II Адольфтің «Әскери мақаласының» 1715 жылғы орыс «Әскери мақаласына» әсері

АҢДАТПА. Мақалада XVII–XVIII ғасырлардағы екі әскери-құқықтық құжат – 1621 жылы Швеция королі Густав II Адольф қабылдаған және 1683 жылы Карл XI толықтырған «Әскери артикул» мен I Петрдің бастамасымен 1715 жылы жасалған Ресейдің «Әскери артикулы» салыстырмалы талдауға түседі. Автор швед артикулының ресейлік нұсқаға әсер ету дәрежесін зерттеп, олардың мазмұны мен құрылымындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтайды. Зерттеуде тәртіп, әскери юрисдикция, әскери қылмыстар мен жазалар, сот ісін жүргізу тәртібі мәселелеріне ерекше назар аударылады. Жекелеген баптарды салыстыру арқылы I Петрдің Батыс Еуропа нормаларын Ресей жағдайына бейімдегені, сонымен қатар швед үлгісіндегі негізгі қағидаларды сақтап қалғаны көрсетіледі. Автор ресейлік артикулдың швед моделіне негізделгенімен, ұлттық дәстүрлерді, әкімшілік ерекшеліктерді және орталықтандыру міндеттерін ескере отырып қайта өңделген деген қорытындыға келеді. Сондай-ақ әскери артикулдардың жаңа құқықтық мәдениетті қалыптастыру, абсолюттік билік моделін орнықтыру, тәртіп пен билік вертикалін нығайту және әскер мен қоғамда мемлекеттік зорлық-зомбылықты заңдастыру құралы ретіндегі рөлі атап өтіледі. Мақала құқық тарихшыларына, Ресей мен Швеция армиясы мен мемлекеттік басқару тарихын зерттеушілерге, сондай-ақ Жаңа заман дәуіріндегі еуропалық мемлекеттер арасындағы құқықтық нормаларды тасымалдау үдерісін қарастыратын ғалымдарға арналған. Сонымен қатар бұл еңбек салыстырмалы құқықтану, заңнаманы жаңғырту және орталықтандырылған мемлекеттердің институционалдық негізін қалыптастыру үдерістерін зерттеу салалары үшін де пайдалы болмақ.

ТҮЙІН СӨЗДЕР: Густав II Адольф, Петр I, Шарль XI, әскери мақала, жарғы.

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ: Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЖӘНЕ АЛҒЫС: Зерттеуге демеушілік қолдау көрсетілмеді (жеке ресурстар).

ДӘЙЕКСӨЗ ҮШІН: Миронов, Е.А., Эбель, Е.М. (2026). Густав II Адольфтің «Әскери мақаласының» 1715 жылғы орыс «Әскери мақаласына» әсері. *Social Sciences & Digital Humanities*, 2(2), 224-238. https://doi.org/10.51885/3107-2755_SSADH_2026_2_14

* Хат-хабаршы авторы: Эбель Елизавета Михайловна, e-mail: chedurova@mail.ru

Eugene A. Mironov, Elizabeth M. Ebel 

Gorno-Altai State University, Gorno-Altai, Russian Federation

The influence of Gustav II Adolf's "Military Article" on the Russian "Military Article" of 1715

ABSTRACT. The article presents a comparative analysis of two military-legal documents of the 17th-18th centuries: the Swedish Articles of War of 1621, issued by King Gustavus II Adolphus and supplemented by Charles XI in 1683, and the Russian Military Article of 1715, compiled under Peter I. The author examines the influence of the Swedish document on the structure and content of the Russian Article, identifying both borrowed elements and original additions reflecting the specific features of the Russian military and legal system. Special attention is paid to issues of discipline, military jurisdiction, the definition of crimes and punishments, and legal procedures. The comparison of selected articles shows how Peter I adapted Western European norms to Russian conditions while retaining key principles from the Swedish model. The author concludes that although the Russian Article was based on the Swedish one, it was revised in accordance with national traditions, administrative context, and centralization goals. The study emphasizes the role of military articles in shaping a new legal culture, supporting absolutist governance, reinforcing discipline, and legitimizing state violence. This article will be of interest to legal historians, scholars of military and state history in Russia and Sweden, and researchers of legal norm transfer in Early Modern Europe. It also contributes to comparative law and institutional modernization studies.

KEYWORDS: Gustav II Adolf, Peter I, Charles XI, military article, statute.

CONFLICT OF INTEREST: The authors declares that there is no conflict of interest.

ACKNOWLEDGEMENTS AND FUNDING: The study had no sponsorship support (own resources).

FOR CITATION: Mironov, E.A., Ebel, E.M. (2026). The influence of Gustav II Adolf's "Military Article" on the Russian "Military Article" of 1715. *Social Sciences & Digital Humanities*, 2(2), 224-238. <https://doi.org/10.51885/3107-2755> SSADH 2026 2 14

* Corresponding author: Ebel Elizabeth Mikhailovna, e-mail: chedurova@mail.ru

ВВЕДЕНИЕ

Военное искусство и военная организация всегда играли ключевую роль в истории развития государств, формируя их стратегические возможности и определяя исходы войн. Армия нередко становилась не только инструментом защиты территорий, но и средством расширения влияния, утверждения политической воли и распространения идеологий. История государственности неотделима от истории войн, армий и тех административных структур, которые обеспечивали их существование и функционирование.

Со времен появления первых цивилизаций способность к эффективной мобилизации войск, снабжению, управлению и подготовке командного состава оказывала непосредственное влияние на выживание и процветание государства. Например, успехи Римской империи во многом объясняются ее развитой системой легионов и логистики, а мощь Османской империи – высоким уровнем дисциплины и организованности янычарского корпуса. Военные реформы становились важнейшими этапами модернизации государств, как это было в России при Петре I или во Франции при революционной и наполеоновской армиях.

Военное искусство развивалось параллельно с изменениями в политике, экономике и технологиях. Каждое новое оружие, тактическое новшество или организационная реформа вызывали перестройку всей военной системы. Переход от феодальных ополчений к наемным армиям, затем – к регулярным армиям нового времени, а позже – к массовым армиям индустриальной эпохи иллюстрирует эволюцию военной организации в соответствии с социальными и технологическими переменами.

Кроме того, армия всегда отражала структуру самого общества. Классовые, сословные, национальные и религиозные аспекты влияли на принципы комплектования, внутренние отношения и систему управления в войсках. Военные уставы, дисциплинарные кодексы и артикулы служили не только регламентами боевой службы, но и инструментами социальной инженерии, направленными на формирование «идеального» солдата, верного государству и власти.

Таким образом, военное искусство и организация вооруженных сил – это неотъемлемая часть политической истории, отражающая уровень развития административных структур, технологий, правовых систем и идеологии. Изучение этих аспектов позволяет глубже понять, каким образом армии не только побеждали в сражениях, но и играли роль в строительстве и разрушении империй, в изменении общественных порядков и в формировании новых типов государственности.

Одним из значимых документов, оказавших влияние на военное дело в Европе, стал «Военный артикул» Густава II Адольфа (Gustav II Adolf, 1621), шведского короля, который провел масштабные реформы в армии своего государства в начале XVII в. В условиях Тридцатилетней войны и усиливающейся конкуренции между европейскими державами, Швеция стремилась создать боеспособную и дисциплинированную армию, способную эффективно действовать в новых реалиях. Артикул стал неотъемлемой частью этой реформы, закрепив нормы военной дисциплины, порядок судопроизводства в армии и перечень наказаний за различные проступки.

Документ отличался системностью, строгостью и ориентацией на централизованное управление армией. Он отражал идею подчинения солдата государственной власти и военному уставу, а не феодальному или корпоративному праву. Шведский военный артикул стал одним из первых примеров кодифицированного военного права, повлиявшего не только на развитие вооруженных сил в самой Швеции, но и за ее пределами. Его положения стали образцом для других стран, включая Пруссию и Россию, где подобные документы начали использоваться как инструменты утверждения дисциплины, централизации командования и внедрения новой военной культуры (Wedgwood, 1938).

Актуальность исследования влияния «Военного артикула» Густава II Адольфа на российский «Артикул воинский» 1715 г. заключается в необходимости глубокого понимания процессов военной реформы в России, происходивших в контексте изучения европейских традиций и практик. В условиях активного внешнеполитического давления и внутренних

